

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
Министерство образования и науки Республики Казахстан
РГКП «Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования»**

**“Менің Отаным Қазақстан” республика оқушыларының
туристік-өлкетану қозғалысын ұйымдастыру»
Әдістемелік нұсқаулар**

**Организация туристско-краеведческого движения
школьников республики «Моя Родина - Казахстан»**

Методические рекомендации

Астана, 2014

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік
орталығы» РМҚК

“Менің Отаным Қазақстан” республика оқушыларының
туристік-өлкетану қозғалысын ұйымдастыру» (әдістемелік
нұсқаулар) «Республикалық қосымша білім беру оқу-
әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014 жыл - 160 б.

В методических рекомендациях рассмотрены
возможности вовлечения детей в туристско-краеведческое
движение школьников республики «Моя Родина - Казахстан»,
методы воспитания у детей и молодежи основ
гражданственности и казахстанского патриотизма.

Предлагаемый материал адресован руководителям,
методистам и педагогам организаций дополнительного
образования.

Әдістемелік ұсынымдарда «Менің Отаным - Қазақстан»
республика оқушыларының туристік-өлкетану қозғалысына
балаларды тарту мүмкіндіктері, балалар мен жастардың
бойында азаматтылық пен қазақстандық отансүйгіштіктің
негіздерін тәрбиелеу әдістері қарастырылған.

Ұсынылып отырған материал қосымша білім беру
ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне және педагогтеріне
арналады.

Рецензент – Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университетінің доценті,
п.ғ.к., phd докторы Қабикенов Ғабит Уапұлы

*ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-
әдістемелік Орталығы» РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014 ж.15.05. № 3 хаттама)*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы РМҚК., 2014

Мазмұны

Кіріспе	4
Өлкетану және туризм туралы ұғым	5
Халықаралық балалар туризмінің тарихы	13
Қазақстанда балалар туризмін дамыту	21
Білім алушылардың туристік-өлкетану қызметінің психологиялық-педагогикалық қағидаттары	36
Туристік-өлкетану қозғалысы қызметін ұйымдастырудың нысандары	53
Республика оқушыларының «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану қызметінің негізгі бағыттары	62
Қорытынды	66
Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі	144
Қосымшалар	67

Содержание

Введение	81
Понятие о краеведении и туризме	82
История развития международного детского туризма	90
Развитие детского туризма в Казахстане	98
Психолого-педагогические принципы туристско-краеведческой деятельности обучающихся	113
Формы организации деятельности туристско-краеведческого движения	130
Основные направления деятельности туристско-краеведческого движения школьников республики «Моя родина- Казакстан»	139
Заключение	143
Список используемой и рекомендуемой литературы	144
Приложения	146

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім берудің басты бағыттарының бірі адами құндылықтардың, баланың өмірі мен денсаулығының, оның жеке тұлғасының тәндік әрі рухани тұрғыдан еркін дамуының басымдығы, рухани байытылған, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын келер ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Жан-жақты дамыған, шығармашылықпен ойлайтын, дені сау жеке тұлғаны тәрбиелеу проблемасы – қазіргі қоғамның өзекті проблемаларының бірі және ол бүгінгі күні әлемдік қоғамдастықтың сансыз проблемаларының жетекші орындарын алып отыр. Туристік-өлкетану қызметі (ТӨҚ) – ерекше ұйымдастырылған, педагогикалық тұрғыдан мақсатқа сай, баланы дамытушы әлеуметтік орта (балалар мен үлкендердің ортасы) – ұрпақ тәжірибесін жеткізудің, мәдени-тарихи сабақтастықты сақтаудың факторы; бұл әлеуметке қарсы, адамгершілікке жатпайтын қылықтардың алдын алуға мүмкіндік беретін "орта"; бұл қоғамда қылмысты жағдайды төмендетудің, балаларды қазіргі ақпарат құралдарының жүктемесінен жеңілдетудің құралы.

Жас ұрпақты отансүйгіштік рухында тәрбиелеу – қазіргі қосымша білім берудің бірінші кезектегі міндеті. Қазіргі бала теледидар экранынан не көрсе соны алуға тырысады. Ол өзінің ауани өмірінің сыртындағы әлемді көрмейді де байқамайды. Осыдан балалар денсаулығының көптеп нашарлауы бастау алады – әлсіз дене белсенділігі, қарқынды ақпараттық жүктемелер және нәтижесінде көп баланы девиантты мінез-құлыққа дейін апаратын психикалық бұзылулар. Балалардың танымдық әрекетін жандандыру, жас ұрпақты рухани тұрғыдан, сол сияқты тәндік тұрғыдан сауықтыру – міне қазіргі білім берудің тағы бір маңызды міндеті. ТӨҚ осы міндеттердің бәрін толық көлемде балаларды мәдениетпен, тарихпен, туған елдің табиғатымен таныстыратын саяхаттар арқылы шешуге мүмкіндік береді. Бұл шынайы құндылықтар – ерік, өзара көмек, шыдам, машықтану, адамдармен тіл табыса білу барынша айқын көрінетін тамаша мінез шеберханасы.

Өлкетану және туризм туралы ұғым

Өлкетану деп «өз өлкесін (облысын, ауданын, қаласын, ауылын, шағын ауданын) жан-жақты тану, оның табиғи, экономикалық және мәдени ресурстарын, географиялық, этнографиялық және демографиялық ерекшеліктерін, оның тарихын, қоғамдық өмірін және даму перспективаларын зерделеу және есепке алу түсініледі». Өлкетанудың мұндай анықтамасы әдебиетте педагогтер, тарихшылар, географтар берген анықтамаларға қайшы келмейді. Алайда «өлкетану» ұғымының мазмұны әртүрлі болып келеді. 20-шы жылдары өлкетану әкімшілік, саяси немесе шаруашылық функциялары бойынша бөлінген кішкентай аумақты статистикалық меңгеру әдісі ретінде қарастырылды.

30-шы жылдары өлкетану жергілікті еңбек халқын біріктіретін, өз өлкесін жан-жақты зерделеудің негізінде оның социалистік құрылысына белсенді қатысушы қоғамдық қозғалыс ретінде айқындалды.

Өлкетануды ерекше ғылым ретінде қарау туралы пікірлер айтылып жүрді. Дегенмен зерделеу объектілері (табиғат, тарих, тұрғындар, шаруашылық, мәдениет, әдебиет және т.б.) көп болған жағдайда өлкетануды ғылым деп атауға болмайды. Географ, профессор, география ғылымдарының докторы, Педагогика ғылымдары академиясының академигі және РКФСР (Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы) ғылымының еңбек сіңірген қайраткері А.С. Барков өлкетану мазмұны мен зерттеудің жеке әдістері бойынша әртүрлі, бірақ өзінің жиынтығында өлкені ғылыми және жан-жақты тануға жетелейтін ғылыми пәндер кешені деп атап көрсетті. Осыған байланысты өлкетанудың жеке ерекше зерттеу әдісі жоқ. А.С. Барков география мен өлкетануды зерделеудің объектісі мен әдістері бір біріне сәйкес келеді деп санады. Өлкетануды «кіші география» ретінде қарастыруға болады. [7]

Белгілі географ әрі зоолог Л.С. Берг өлкетануды туған өлкенің географиясы деп санады. Өлкетануды зерделеу нысанасы аумақ, жергілікті жерлер болып табылады, ал

географиялық өлкетану объектілері – табиғат, тұрғындар, шаруашылық, тарих, өлкенің археологиясы. «Өлкетану» терминінің мазмұнына «туған өлке» ұғымымен айқындалатын аумақ кіреді. Туған өлке ауылмен, қаламен, ауылдық кеңеспен, облыспен шектелуі мүмкін. Өлкетанушылар көбінесе өздері тұратын аумақты (қаланы, ауылды, ауылдық кеңесті) және тікелей бақылау үшін қолжетімді аумақты зерделейді. Бұл жағдайда, өлкетанушы К.Ф. Строев айтқанындай, «туған жер» түсінігі қолданылады. [20]

Картограф Г.Ю. Грюнберг «туған жер» ұғымына тұрғылықты жерден 7-8 км радиустағы аумақты қосады. Дегенмен жекелеген жағдайларда өлкенің табиғатын, тұрғындарын, шаруашылығын, археологиясын зерделеу әкімшілік бірліктердің (облыстың) шегінен шығып кетуі және физикалық-географиялық аудандастырудың (физикалық-географиялық аудан, провинция) бірліктерімен шектесуі мүмкін.

Жалпы өлкетану тарихқа, этнографияға, мәдениетке, археологияға, табиғатқа, тұрғындарға, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, көлікке және т.б. қатысты кең мәселелер шеңберін қамтиды.

Зерттеу объектісіне қарай онда тарихи, әдеби, этнографиялық, биологиялық, географиялық, экологиялық және басқа бағыттар бөлінеді.

Географиялық өлкетану өлкенің табиғатын, тұрғындарын, шаруашылығын зерделеуді олардың өзара тығыз байланысында қарастырады. Басқа кез келген бағытқа қарағанда, бұл бағытқа кешенді көзқарас тән, бұл географтарды өлкені зерделеуде жетекші роль атқаруға міндеттейді.

Өлкетанудың мәні тұрғындарды, шаруашылықты, этнографияны, тарихты, археологияны, мәдениетті осы жергілікті жердегі үйлесімінде кешенді зерделеуге негізделеді. Өлкенің табиғаты мен жекелеген құрамдауышдары, тұрғындары мен шаруашылығы өзара байланыста және дамуда, яғни тарихи тұрғыдан зерделенеді. Өлкенің табиғаты, тұрғындары, шаруашылығы еліміздің барынша ірі тарихи-табиғи-әлеуметтік-шаруашылық аудандары ретінде

зерделенеді. Осыған байланысты, туған өлкені кешенді зерделеу процесінде елдіміздің тарихымен, табиғатымен және әлеуметтік-шаруашылық кешенімен ортақ сипаттарын анықтау қажет. Бір мезгілде осы өлкені сипаттайтын жергілікті айырмашылық, өзіне тән ерекшеліктер, сондай-ақ оның бірегей объектілері, құбылыстар мен процестері анықталады. Сондай-ақ тұрғындар құрамының (жыныстық, жас ерекшелігі, ұлттық, діни) ерекшелігі, орналасуы мен орнықтырылуы, сондай-ақ тұтас өңір мен оның жекелеген салалары шаруашылығының жағдайы ашылады, шаруашылық және мәдени өмір, жекелеген кәсіпорындар мен мекемелер (фабрикалар, зауыттар, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, порттар, темір жол станциялары, ғылыми және оқу ұйымдары, мәдениет және денсаулық мекемелері) шоғырланған елді мекендер қарастырылады.

Өлкенің табиғатын, тұрғындары мен шаруашылығын зерделеу кезінде ішкі және сыртқы байланыстар мен тәуелділіктерді қамтамасыз ететін кешенді тәсіл қажет. Осы өзара байланыстардың нәтижесінде сапалы жаңа біртұтас жүйелер – табиғи-әлеуметтік-шаруашылық, адамды басқаратын жүйелер зерделенеді. Нақты аумақтар шегінде табиғи, әлеуметтік және шаруашылық өзара байланыстарды есепке алу табиғи-шаруашылық аудандастыру жүргізуге мүмкіндік береді. Осылайша, өлкетанушылық зерттеулерде өлкенің табиғатын, тұрғындары мен шаруашылығын жекелеп зерттеуге емес, түрлі мөлшерлердегі (елді мекен, гидромелиоративтік объект, рекреациялық аймақ және т.б.) табиғи-әлеуметтік-шаруашылық жүйелер мысалында біртұтас жүйеде зерделеуге назар аудару өте маңызды. Зерттеу объектілері ретінде әртүрлі шаруашылық пайдаланудың (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, рекреация және т.б.) табиғи-аумақтық кешендері (ТАК) рөл атқаруы мүмкін.

Тарихты, археологияны, табиғатты, тұрғындарды және оның шаруашылық қызметін жүйелі зерделеу ғылыми әлемтануды мақсатты түрде қалыптастыруға, білім алушыларды отансүйгіштік рухында, Отанды сүюге, табиғатқа күтіммен қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Туризм (tourism) терминін алғашқы рет 1830 ж. француз өлкетанушысы В. Жекмо қолданды. «Туризм» сөзі француздың «tour», яғни «серуен» сөзінен шыққан. Бертінгі уақытқа дейін әртүрлі елдерде «туризм», «турист» ұғымы бірдей түсініліп келді. Біздің елімізде туризм мен шипажайлық-курорттық мекемелер әртүрлі жүйелермен басқарылып келуіне байланысты, «турист» ұғымы туристік саяхаттар мен жорықтарға қатысушылармен шектеліп келді және шипажайларда, пансионаттар мен демалыс үйлерінде «демалушылар» ұғымынан бөлектенді. Басқа елдерде рекреациялық қызметтің түрлері де көбіне әртүрлі терминдермен анықталып келді. Қазіргі әлемде туризмнің, әсіресе, халықаралық туризмнің дамуымен және халықаралық туристік ұйымдардың құрылуымен «туризм» ұғымына жалпыға ортақ анықтама беру қажет болды. Туризмнің алғашқы және барынша нақты анықтамаларының бірін Берн университетінің профессорлары Хунзикер мен Крапф берді және кейіннен оны Туризм бойынша ғылыми сарапшылардың халықаралық қауымдастығы қабылдады.

Бұл ғалымдар **туризмді** адамдардың үнемі жүріп-тұруына және қандай да бір пайда алуға байланысты емес саяхатының нәтижесі ретінде пайда болатын бірқатар құбылыстар мен өзара қатынастар деп қарады.

Туризм – жеке саяхат жағдайы, алайда, жұртшылықтан айқын шектеулері, қатаң айқындалған сипаттамалары бар, түсіндіру мағынасында туризмнің көптеген анықтамалары белгілі және, тиісінше, туристік саяхатқа, туризмдік іссапарға, жорыққа қатысушы немесе соны жүзеге асырушы адам жалпы жағдайда турист деп аталады.

Туризм бұл:

а) туристер өздері жүзеге асыратын, туризмнің нақты айқындалған мақсаттары бар саяхаттардың ерекше көпшілік түрі, яғни туристің жеке өзінің қызметі;

б) мұндай саяхаттарды ұйымдастыру және жүзеге асыру (сүйемелдеу) қызметі – туристік қызмет.

Мұндай қызметті туризм индустриясы мен аралас салалардың әртүрлі кәсіпорындары жүзеге асырады. Енді

туризмнің классикалық анықтамасын келтірейік. **Туризм** – адамдардың бос уақытында сауығу және емделу, қонақ болу, танымдық, діни немесе кәсіптік-іскери мақсаттарда, бірақ уақытша болатын орындарында жергілікті қаржы көзінен төленетін жұмыспен айланыспай рахат алу мен демалу мақсатында өз елінен тыс басқа елген немесе басқа жерлерге уақытша ауысып орналасуы.

1993 жылы БҰҰ (Біріккен ұлттар ұйымы) статистикалық комиссиясы ДСҰ (Дүниежүзілік сауда ұйымы) мақұлдаған және халықаралық практикада кеңінен пайдаланылатын: «туризм әдеттегі ортасынан тыс орналасқан жерлерде бір жылдан аспайтын кезең ішінде, демалыс, іскери және өзге мақсаттарда саяхаттайтын және болуды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін қамтиды» анықтамасына ие болды. Дегенмен туризмді дамыту процесінде бұл ұғымның түрлі талқылаулары пайда болды, бұл құбылысты айқындау кезінде ерекше маңызға мына критерийлер ие:

1) орынды өзгерту. Бұл жағдайда әңгіме әдеттегі ортаның сыртында тұрған орынға жүзеге асырылатын іссапар туралы. Алайда күн сайын үйі мен жұмыс немесе оқу орнына іссапар жасайтын адамдарды туристер деп санауға болмайды, себебі бұл іссапарлар олардың әдеттегі ортасының шегінен шықпайды;

2) басқа орында болу. Мұндағы басты шарт болатын орын тұрақты немесе ұзақ уақыт тұратын орын болмауы тиіс. Одан басқа, ол еңбек қызметімен (еңбек төлеумен) байланысты болмауы тиіс. Бұл нюансты ескеру керек, себебі еңбек қызметімен айналысатын адамның мінез-құлқы туристің мінез-құлқынан ерекшеленеді және туризммен айналысу деп жіктеуге келмейді. Тағы бір шарты саяхаттаушылар өздері болатын орында 12 бойы және одан көп уақыт болмауы тиіс. Белгілі бір орында бір жыл немесе одан көп уақыт болатын немесе болуды жоспарлайтын тұлға туризм тұрғысынан тұрақты тұрғын болып саналады және сондықтан турист деп атала алмайды;

3) болатын орында еңбекақы төлеу. Бұл критерийдің мәні іссапардың негізгі мақсаты болатын орындағы көзден төленетін қызметті жүзеге асыру болып табылмауы тиіс.

Қандай да бір елге осы елден төленетін жұмыс үшін барған кез келген тұлға осы елдің турисі емес, мигранты болып саналады. Бұл тек халықаралық туризмге емес, сонымен қатар бір елдің шегіндегі туризмге де қатысты. Бір елдің шегінде (немесе басқа елге) басқа орынға осы орындағы (немесе елдегі) көзден төленетін қызметті жүзеге асыру үшін саяхаттаушы әрбір адам осы орынның турисі деп саналмайды. Туризм анықтамасының негізіне салынған осы үш критерий базалық болып табылады. Сонымен бірге, осы критерийлер бәрібір жеткіліксіз туристердің ерекше санаты да бар – бұл формальды түрде елге кірмейтін босқындар, көшпенділер, сотталғандар, транзиттік жолаушылар және осы топтарды сүйемелдеуші немесе айдаушы тұлғалар.

Мұнда Туризм саласындағы ғылыми сарапшылардың халықаралық қауымдастығы ұсынған анықтаманы келтіру орынды болар еді: «**туризм**» адамдардың тұрақты немесе ұзақ уақыт тұратын орны болып табылмайтын және олардың еңбек қызметімен байланысты емес орындарға іссапарын және болуын сүйемелдейтін қарым-қатынастардың, байланыстар мен құбылыстардың жиынтығы». Швейцария ғалымы К.Каспардың пікірінше, туризм жүйесінің негізінде екі қосалқы жүйе жатыр: *туризм субъектісі* (турист – туристік қызметтерді тұтынушы) және үш элементтен – туристік өңір, туристік кәсіпорын және туристік ұйымдардан тұратын *туризм объектісі*.

Тиісінше, **туризмді** сондай-ақ тұрақты тұратын орындарын уақытша қалдырған және белгілі бір туристік мекендерге (дестинациялар) саяхаттаушы дербес тұтынушыға немесе тұтынушылар топтарына ұсынылатын өнімдердің, сервистің, көрсету объектілерінің және өндірістік бірліктердің құрамдас бөлігінің жиынтығы ретінде анықтауға болады. Туризмді саяхаттардан және өзге әрекеттер мен процестерден ерекшелетін нақты айқындалған бес маңызды белгі бар:

- дестанцияға уақытша ауысу және болу және міндетті түрде кері қайту;
- дестинация – адамның тұрақты тұратын жерінен ерекшеленетін басқа жергілікті жер (ел);

- барынша гуманистік мазмұнымен және бағытымен ерекшеленетін туризмнің мақсаты;
- туристік саяхатты жұмыстан немесе оқудан бос уақытта жүзеге асыру;
- туристке дестанцияда жергілікті қаржыландыру көзінен төленетін қызметпен айналысуға тыйым салу.

Туризмнің экономикалық сипаттамалары жиынтығының ішінен бесеуі тұжырымдамалық тұрғыдан айқындалуы тиіс:

- туризм адамдардың әртүрлі туристік бағдарлар бойынша орын ауытстыру процесі және нәтижесі;
- туризмнің екі негізгі базалық элементінің анықтамасы: болу орнына саяхаты және онда болуы;
- саяхат туристің тұрақты тұратын елінен (өңірінен) шығуын білдіреді;
- туристердің әртүрлі туристік орталықтарға жылжуы уақыт алады, яғни олар тұрақты тұратын орындарына бірнеше күннен кейін, аптадан немесе айдан кейін оралады;
- экскурсия – бұл қосымша табыс алуды көздемейтін, туристік орталықта тұрақты болусыз саяхат.

Саяхаттың мақсаттары туризмнің басты және айқындаушы белгілерінің бірі болып табылады. Туризмнің классикалық теориясында туризмді саяхаттан ерекшелейтін 6 жалпы мақсат танылады:

- *сауығу* (адамның рухани және тәндік күштерін қалпына келтіру, сондай-ақ емдеу);
- *танымдық* (шынайы құбылыстар табиғаты, адамзаттың тарихы мен қазіргісі, басқа елдер мен халықтардың мәдениеті туралы білімді жетілдіру және тереңдету);
- *спорттық* (кәсіби және әуесқойлық деңгейлерде жарыстар мен ойындарға дайындалу және қатысу, спортшыларды сүйемелдеу, сондай-ақ көрермендер ретінде қатысу);
- *кәсіби-іскери* (бизнес-іссапарлар, конгрестерге, конференцияларға, семинарларға қатысу, тәжірибе алмасу, кәсіби оқулар);
- *діни* (қажылық және табынушылық, дін мен табынуды зерделеу бойынша мәдени-тарихи);

- *қонақ болу және ностальгиялық* (туыстарға, бұрын тұрған жерлерге бару).

Халықаралық балалар туризмінің даму тарихы

Туризм әлеуметтік құбылыс ретінде балаларға Батыс Еуроппада феодализмнің құлдырауымен туындаған және өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге жаңа талаптар туғызған өнеркәсіптік революциямен пайда болды. XVII ғ. соңында – XVIII ғ. басында Англияның, Францияның, Германияның, Австрияның және басқа елдердің оқу мекемелерінде жекелеген пәндерді меңгеруде педагогтер оқушылармен жұмыс істеуде жаяу серуендерді және маңайға іссапарларды пайдалана бастады. Бұл қарапайым нысандар экскурсия атауына ие болды.

Атақты славян педагогы Я.А. Коменский (1592-1670) балалар мен жасөспірімдерге білім беру мен тәрбиелеу жүйесіне қозғалмалы ойындарды, саяхаттарды қосуды талап етті. Саяхаттарға қызығушылық өлкетануды дамытумен тығыз байланысты.

Ұйымдастырылған саяхаттар басқа халықтардың мәдениетімен және табиғатымен танысу мақсатында ежелгі әлемде де болатын. Мәселен, б.д.д. VI ғ. ежелгі гректер мен римдіктер Египетке саяхат жасады, онда оларды ежелгі тарих, мәдениет, ерекше табиғат, Египеттің тамаша құрылыстары тартты. Ол туралы нақты деректер қалыптасқан алғашқы грек турисі өзінің көптеген саяхаттарын тоғыз кітап етіп жазған, «тарих әкесі» Геродот болып табылады. Оның екінші кітабы Ежелгі Египетке арналады, Египетке ол б.ғ. 459 ж. барған. [1]

Сондай-ақ ежелгі гректер өз елінде де көп саяхаттаған (Олимпияға олимпиада ойындарына бару), емдеу көздеріне, сондай-ақ «киелі жерлерге» алыс саяхаттар жасаған.

Сонымен қатар Аристотель, Демокрит, Квинтилиан өздерінің тәрбие туралы трактаттарында табиғатты тікелей қарым-қатынаста тануды ұсынған. Физикалық даму құралы ретінде туризмді мақсатқа сай дамыту адамның рухани және тәндік дамуына шіркеумен енгізілген көп ғасыр бойғы шектеулерден кейін Қайта өрлеу дәуірінде (XV—XVI вв.) жүзеге асырыла бастады. Гуманистер адамның түрлі жақтарын ескере отырып тәрбиелеуді жүйелендіруге қол жеткізді, адамның қасиеттерін қалыптастырудың ең тиімді құралдарын

айқындады. Мәселен, батысеуропалық Қайта өрлеу өкілдері Х. Вивес, М. Монтель, Т. Мор, Ф. Рабле, Э. Роттердамский жорықтарды пайдалануға баса назар аудара отырып, жастарды физикалық тәрбиелеудің ұйымдастырылған процесін енгізу қажеттігі туралы айтты. [6]

Витторино де Фельтре, 1425 ж. Мантуе қ. өзі ұйымдастырған мектепте әртүрлі туристік жаттығуларды оқыта отырып, оқушыларымен Альпі тауының жағалауларына көпкүндік жорықтар жасады. Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде туристік жорықтарды пайдалануға педагог И. Гамерариус те («Дене жаттығулары туралы әңгіме»), итальяндық медицина профессоры И. Меркуриалис те («Дене жаттығуларының түрлері») баса көңіл бөлді.

Туристік жорықтар адамды сауықтыру құралы ретінде тіпті иезуиттердің семинарияларында пайдаланылды. [2]

Ағарту дәуірінде (XVII ғ.) Ж.Ж. Руссо, Г. Либли және басқалар туристік жорықтардан жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және денсаулықтарын жақсарту құралын көрді, ал олардың «Табиғатты тану және табиғи мінез-құлық нормаларын жетілдіруге ұмтылу» ілімі туризмнің дамуына ықпал етті.

Ж.Ж. Руссо жаяу жүру саяхаттарының маңыздылығын сауықтыру міндеттерін шешу үшін негіздеді, тәрбиелеудің сөзсіз құрамдас бөлігі ретінде саяхаттардың маңызы туралы теорияны дамытты, саяхаттардың мақсаттары мен міндеттерін және олардың жеке тұлғаны дамытудың басқа құралдарымен өзара байланысын ашып берді.

Оның теориясы белгілі неміс педагогтері И. Зельцманның, И. Мутса-Мутсаның, Ф. Янның еңбектерімен толықты. XVII ғ. соңында – XVIII ғ. басында еуропалық елдерде кейбір мұғалімдер оқушылармен жұмыс істеуде маңайдағы көрікті орындарға жаяу серуендер мен іссапарларды пайдаланды. Мұндай саяхаттарды ол экскурсиялар деп атады. XVIII ғ. екінші жартысында Батыс Еуропада туризмнің өзіндік орталықтары құрыла бастады. Туризмді одан әрі дамытудың алғышарттары жер шарының қол жеткізілуі қиын алыс жатқан бұрыштарын меңгеру бойынша танымдық міндеттерді шешу үшін ұзақ

саяхаттар ұйымдастырып, өткізу қажеттігімен байланысты болды. Мұндай саяхаттарға қатысушылардың қимылдау біліктері мен дағдыларын жетілдіру мақсатында оларды алдын ала дайындау жүргізіледі, әлеуметтік-психологиялық сәйкестігі мен келісушілігі тексеріледі, саяхат үшін қажетті жарақтар сыналады. Осылайша, саяхаттар мен экспедицияларға қатысушыларды дайындаудың өзіндік әдістемелік тәсілдері мен қағидалары пайда болады. Тәрбиелеу мақсатында күрделі жорықтар мен саяхаттардың тәжірибесін жинақтау және жалпылау жүрді.

Көпкүндік жорықтар мен экспедициялар ұзақ уақыт бойы қолданбалы сипатта болып келді, ал олардың мақсаттары мен міндеттері біршама шектелген болды. Уақыт өте жорықтар мен саяхаттардың сипаты мен мазмұны байи түседі және олар білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру міндеттерін шешуге қабілетті, дене тәрбиесінің тиімді құралы ретінде беки түседі.

Саяхатқа қатысушыларды дайындау бойынша теориялық негіздер мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді қажет ететін, саяхаттарды ұйымдастырып өткізудің жаңа қырлары пайда болады. Саяхатқа қатысушылардың арнайы теориялық және физикалық дайындығы бөлімдерінің негіздемесі пайда болады. Қазіргі уақытта олардың мақсаттары мен міндеттері барынша айқын көрініс тапты. Бұл кезеңде саяхаттарды туристік саяхаттардың жекелеген түрлеріне бөлу, сондай-ақ бағдарларды жіктеу қажеттігі айқындалды, бұл туризмді қазіргі күйіндегідей белгілі бір жүйеге қалыптастырудың негізі болып табылды.

XVIII ғ. соңында – XIX ғ. бірінші жартысында Батыс Еуропа елдерінде «Табиғатқа кері қайту» қозғалысының басталуымен саяхаттарды адамды тәндік тұрғыдан жетілдіру мақсатында практикалық қолданудың негіздемелері пайда болады. Туризмнің адамға өте қажет қимылдау біліктері мен дағдыларын қалыптастырудағы қолданбалы маңызын, олардың адамның функционалдық жүйесі мен органдарына жан-жақты әрі үйлесімді әсер ету мүмкіндігін ескере отырып, сол заманның белгілі педагогтері И. Базедов, Г. Фит және басқалары туристік жаттығуларды дене тәрбиесінің сөзсіз

құрамдас бөлігі ретінде ұсына бастады. Әртүрлі туристік жаттығулар туралы барынша айқын түсініктер пайда болады. Туризм көптеген мектептерде дене дайындығы бағдарламасына енгізілді. Туристік саяхаттар әуесқойларының өңірлік одақтары құрыла бастайды. Бірінші өзіндік туристік ұйымдар шамамен бір уақытта (XIX ғ. екінші жартысында) альпі клубтары мен қоғамдары түрінде әртүрлі елдерде пайда болды. Мұндай бірінші клуб Англияда (1857 ж.), одан кейін Австрияда (1862 ж.), Италия мен Швейцарияда (1863 ж.), Германияда (1869 ж.), ал XIX ғ. 70-ші ж.ж. соңында Францияда, Ресейде және басқа елдерде пайда болды. 1895 ж. веналық «Arbeiterzeitung» газетінің бастамасы бойынша «Die Naturfreunde» («Табиғаттың достары») туристік қоғамының негізі қаланды. Көп ұзамай Австрия мен Венгрияның сыртында қоғамның алғашқы клубтары ұйымдастырылды, олардың таралуы 1908 ж. Венада Халықаралық туризм орталығын құруға алып келді.

Бірқатар мемлекеттерде туристік одақтар мен клубтар туристік жорықтардың бағдарларын әзірлейді, оларды бағалау критерийлерін айқындайды, яғни туристік жіктеу жүзеге асырылады. Біртіндеп бағдарлардың жүріп өту қағидалары пысықталып, орнығады, адамдарды әскери-қолданбалы физикалық дайындау құралы ретінде туристік жаттығулардың ғылыми негізділігі пайда болады.

XX ғ. басында Батыс Еуропаның кейбір мемлекеттерінде (Германияда, Данияда, Бельгияда) «Странствующие школяры» қозғалысы тарады, оның жарғысы қатаң жорық жағдайларын өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге қосуды талап етті. Бұл қоғамның мүшелері бай тап өкілдерінің балалары болды. Бұл қоғамның қызметі буржуазиялық қоғамда тәрбиелеудің әдістеріне қарсы наразылықты білдірді. Туризмді дамытудың жаңа бағыттары бекітілді. Туризмді дене тәрбиесінің құралы ретінде одан әрі дамытуға ықпал ететін ұйымдастырушылық және әдістемелік іс-шаралардың біртұтас жүйесі пайда болады.

Туризмді одан әрі дамытудың ілгерілеуші құбылысы 1919 ж. Халықаралық туристік альянстың (ХТА) құрылуы болды. Буржуазиялық қоғам жағдайында туризм тек бай тап өкілдері үшін ғана қолжетімді болғанын айта кету керек.

Балалар туризмін зерттеушілер академиясының негізін қалаушы және алғашқы президенті (1985) А.А. Остапецтің деректері бойынша, біздің елімізде саяхаттарға деген қызығушылық өлкетанудың дамуымен тығыз байланысты. Ресейде өлкетанушылық зерттеулердің басы І Петрдің жарлығы шыққан уақытқа (1718 ж. 12 ақпаны) келеді, онда патшаға барлық әуесқойлық жетістіктер туралы баяндап отыру көзделген болатын.

Балалармен экскурсиялардың және жорықтарды алғашқы ұйымдастырушылардың бірі желтоқсаншы И. Д. Якушкин болды. Ол Ялуторовск әйелдер мектебінің (Тюмень облысы) тәрбиеленушілерімен ботаникалық тақырыпта жазғы жорықтар мен экскурсияларды практикаға енгізді. Педагог А.Я. Герд экскурсияны жаратылыстануды оқыту практикасына оқыту әдісі ретінде енгізді. [3]

Бірінші алыс экскурсияны 1876 ж. таулы Қырым бойында Новороссийск университетінің (Одесса) студенттер тобы жүзеге асырды.

Оған геология профессоры И. А. Головинский жетекшілік етті. Ал 1877 ж. Тифлисте Кавказ жаратылыстану қоғамы жанында алғашқы орыс альпі клубы пайда болды. Оның ең алғашқы мүшесі белгілі Кавказ зерттеушісі А. В. Пастухов болды, оның есімі Эльбрус («Пастухов приюті») ылдиындағы тас алаңшаға берілген.

Сонымен бірге дәрігер В. И. Дмитриев Қырымда (Ялта) Табиғатты сүйгіштердің, Қырым тауларының және тау спортының үйірмелері құрылды, ол Одессадағы басқармасымен 1890 ж. құрылған Қырым тау клубының базасына айналды, бірер уақыт өткеннен кейін Қырым-кавказ тау клубы деп атауы өзгертілді. Оның Севастопольде, Ялтада және Кавказда өз бөлімшелері, өз приюттары болды және жақсы қалыптасқан экскурсия жұмысын жүргізді. Бұл клубтың мақсаты жергілікті жерлерді ғылыми тұрғыдан зерттеу, ауыл шаруашылығының жергілікті салаларын, табиғатты қорғауды және түрлі жетістіктерді зерделеу болды. Клубтың өзіндік жалауы, мөрі болды, Ресейде және шетелде туризмнің көптеген

мәселелерін кеңінен бейнелейтін «Жазбалар» басып шығарды. Бұл кезеңде мұндай клубтар көптеген қалаларда құрылды. [3]

1895 ж. құрамына көптеген қоғамдар кірген Ресей туристер қоғамы құрылады. Тек Тау-туристік қоғам өз бетімен өмір сүре бастады. Ол сол уақытта өмір сүрген барлық қоғамдардың ішінде ең ірісі болды және оның бірнеше бөлімшелері болды. Қоғамның жанында орташа оқу мекемелеріне арналған экскурсиялар жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Ресей туристер қоғамының қызметі, негізінен, ойын-сауық пен демалыс мақсатында саяхаттар ұйымдастыру болып табылды. Ол прогрессивті болса да, оның тектілігі қоғамға пролетарлық жастарды жібермеді. Ал студенттер, дәрігерлер, инженерлер, оқытушылар өкілдігі барынша шектелген болды.

1900 ж. Санкт-Петербургте құрылған Орыс тау қоғамы туристік приюттар құрды, Ресейде туризмді насихаттау мен дамытуға ықпал ете отырып, бағдарлар әзірледі.

Балалармен сауықтыру-тәрбиелеу жұмысының мұғалімдер-энтузиастар қызметі кеңейе түсті, олардың ішінде 1905 ж. Щелковоға (Мәскеу облысы) жақын жерде ұйымдастырылған колонияның мұғалімдері А.У. Зеленко мен С.Т. Шацкийдің еңбектерін атауға болады.

Ресейде өлкетану мен туризмнің дамуына туған өлкенің географиясын, геологиясын, этнографиясын, флорасы мен фаунасын зерделеумен айналысқан Жаратылыстану әуесқойлар қоғамы жәрдемдесті. Бұл қоғамның бөлімшелері көптеген ірі қалаларда жұмыс істеді.

20-шы жылдардың соңында Пролетарлық туризм мен экскурсиялар қоғамы «Бесжылдық станоктарына арналған шикізат үшін» дүниежүзілік зерттеу жорығын жариялады, оған көптеген жас туристер топтары қатысты. Жорықтардың ықтимал пайдасын бірден бағалаған академик А.Е. Ферсман «біз туризмнен тек ғылыми жаңалықтар саласында ғана емес, сонымен қатар үлкен шаруашылық мәні бар жеңістер саласындағы жұмысымыздың тұтас бірқатар кезеңдеріне көштік» деп жазды.

Отызыншы жылдары көптеген кеңестік педагогтердің практикасында туристік жорықтар мен экскурсиялар айтарлықтай орынға ие болды. Тәрбиелеу мақсатында ұжымдық жорықтарды кеңінен қолданған А.С. Макаренконың тәжірибесі қызықты. Әйгілі педагог жорықтарды оқу және еңбек жылының табыстары үшін ұжымды ынталандыру, сыйлық ретінде пайдаланды. Ф.Э. Дзержинский ат. коммунадағы туристік жұмыс тәжірибесін талдай отырып, Макаренко өз тәрбиеленушілері үшін жыл сайын жазғы экскурсиялар мен жорықтар ұйымдастыра отырып, жастарға білім беру мен тәрбиелеудің олардан асқан үздік әдісі жоқ деп санады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында оқушылардың туристік-өлкетану қызметі соғыс пен тылға көмектесуге бағытталды. Балалар жабайы өсетін пайдалы өсімдіктерді жинады, Ұлы Отан соғысы батырларының өмірбаяндарын жазды, соғыстағылар мен мүгедектердің отбасыларына көмектесті. 50-ші жылдары балалар туризмі көпшілік сипатта болды. Бұрын соғысқа қатысқан көптеген мұғалімдер шайқастар болған жерлерге жорықтар ұйымдастырды, балаларды халқымыздың даңқы мен жеңісіне баулыды. Дәл осы уақытта көптеген мұғалімдер туризмді тәрбиелеу мен оқытудың тиімді құралы ретінде пайдалана бастады. В.А. Сухомлинский: «Табиғатпен эмоциялық қарым-қатынассыз нағыз моральдық тәрбие беру мүмкін емес» деп жазды. Оның балалармен ұйымдастырылған орманға, өзенге, далаға көптеген серуендері танымдық сипатта болды, ізгілік сабақтарын берді. 40-шы жылдардың соңында 50-ші жылдардың басында практикаға қалалардың, облыстардың, ал кейінірек Бүкірлесейлік және Бүкілодақтық жыл сайынғы жас туристер слеттері енді.

Соғыстан кейінгі жылдары балалар туризмі кеңінен тарады. Оқушылардың туған өлкені зерделеу бойынша экспедициялары кең өріс алды. Оларды Балалар экскурсиялық-туристік станциялары мен Пионерлер үйлері ұйымдастырды. 1954 ж. Тургояк көлінде (Оңтүстік Урал) өткен жас туристердің бірінші слеті болып өтті. Оның үлкен мәні жеке-жеке мектеп жорықтарын тұрақты бүкілодақтық экспедицияларға

біріктіруінде, кейіннен ол дәстүрге айналды. 1956 жылдан 1957 жылға дейін Пионерлер мен оқушылардың бүкіләлемдік экспедициясы өткізілді, оны РКФСР Орталық балалар экскурсиялық-туристік станциясы (ОБЭТС) «Пионерская правда» газетінің редакциясымен бірлесіп ұйымдастырды. Бұл экспедиция Октябрьдің 40-жылдығына арналды. Онда миллионға жуық оқушы қатысты.

1958-1960 жж. пионерлер мен оқушылар екінші Бүкіләлемдік экспедицияға, 1961-1962 жж. – үшінші, 1963-1965 жж. – төртінші экспедицияға қатысты. Әрбір экспедиция сайын оған қатысушылар саны да арта түсті. [22]

Кеңес одағында туризм мен экскурсияларды дамытуда КОКП ОК, КСРО министрлер кеңесі мен ВЦСПС 1969 ж. 30 мамырдағы «Елде туризм мен экскурсияларды одан әрі дамытудың шаралары туралы» қаулысы шешуші мәнге ие болды. КОКП туризмді «тұрғындардың мәдени деңгейін арттырудың және идеялық-саяси тәрбиелеудің маңызды құралы» деп таныды. [4]

1970 ж. маусымда мектеп туризмін дамытуда үлкен роль атқарған КСРО Ағарту министрлігінің Орталық балалар экскурсиялық-туристік станциясы құрылды.

Бүкілодақтық жорық өткізудің нысаны әртүрлі болып келеді — бұл жорықтар мен саяхаттар, туризмнің белсенді нысандарымен байланысты емес өлкетану жұмысы, мүгедектерді, революция, соғыс және еңбек ардагерлерін, соғыста қайтқан әскерлердің отбасыларын, жауынгерлер жерленген орындарды жетекшілігіне алған отансүйгіштік сипаттағы жұмыс, ескерткіштер мен мемориалдық белгілерді орнату жұмысы, қоршаған ортаны қорғау жұмысы. [21]

Қазақстандағы балалар туризмінің дамуы

Қазақстанда балалар және жасөспірімдер туризмі өзінің даму тарихын кеңес үкіметінің бірінші қаулысын орындау барысында мектептен тыс ұйымдардың ашылуынан бастау алады. 1918 жылы күйзелістерге, ашықтыққа, болып жатқан азаматтық соғысқа қарамастан Н.К. Крупскаяның ұсынысымен оқушылардың толыққанды демалысы үшін және оларға көмек ретінде жағдайлар жасау мақсатында Халық комиссариатының РСФСР (Ресейлік Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасы) орталық бюросы мектеп экскурсияларын ұйымдастырды. Сол кезден бастап жас туристер, натуралистер және техниктердің станциялары ашылды.

Қазақстандағы мектептер мен мектептен тыс ұйымдарда өлкетану және экскурсиялық-туристік жұмыстары біртіндеп әртүрлі бағыттарда кеңейе түсті.

Сабақтардағы қолданылған материалды жинау үшін мектеп жұмыстарына экскурсиялар енгізіле бастады. Қаланың немесе ауылдың аймағында жорықтар мен экскурсиялар және көп күндік жорықтар өткізіле бастады.

Алғаш рет 1924 жылы 24-31 тамыз аралығында Семей қаласында Семей губерниясының уездерінен жиналған оқытушы-өлкетанушылардың өлкетану конференциясы өткізілді. Алматы, Талдықорған, Қызылорда, Орынбор қалаларында мектеп өлкетануы бойынша мұғалімдердің үйірмелері құрыла бастады. 1925 жылы Алматы қаласында №10 Некрасов атындағы екі сатылы мектептің «Жетісуді зерттеу үйірмесі» құрамында 60 білім алушы болды. Бұл өлкетанудың ең алғашқы қадамдары еді. Алматыдағы ауыл және қала мектептеріндегі өлкетану үйірмелерінің жұмысын өлкетану және жасөспірімдер ұйымдары бірлестігінің Губерниялық бюросы басқарды. Қазақстанның Халықтық ағарту комиссариаты өлкетану жұмысы туралы үздіксіз әдістемелік хаттарды басып шығарды және мектептерге сәйкес нұсқаулар берді.

1950 жылы Қазақстанда үздік өлкетану үйірмелері қатарына Орал қаласының № 13, Шымкент қаласының №7

мектептері, Өскемендегі В.И. Ленин атындағы мектеп, Семей облысы Үржар ауданы Иринов мектебі, Алматы қаласының № 4,15,22 мектептері кірді.

Түгелдей жуық облыс аудандарындағы әрбір мектептерде жас туристер мен өлкетанушылардың экскурсиясы және саяхаты бойынша жұмыстар негізгі міндеттерге айналды. Мектептерде туризм мен өлкетану жаппай дами бастады.

Әр жыл сайын ондаған және жүздеген оқушылар өз бетінше тиісті дайындықсыз туристік саяхаттарға шықты. Бұл саяхатқа әуесқой көпшілікті басқарудың қажеттілігі туындап және олардың қызметін керекті, пайдалы арнаға бағыттау болды.

Жақын арада бұл мәселелер жас қазақстандықтардың нақты өмірінде жүзеге асырыла бастады.

Ең алғашқы станция 1951 жылы ақпанда Қостанай облысында ұйымдастырылды. Бұл дамуының бірінші кезеңі еді. Осының артынан жаппай жас техниктер, натуралистер, туристер станциялары ашыла бастады. Қазақстанда 1951 жылы 13 облыстық жас туристер станциялары ашылып жұмыс жасай бастады. 1968 жыл 18 наурыз Алматы облысында ресми түрде балалар және жасөспірімдер туризмі тарихының бастамасы болып саналады. Қазақстанда басқа одақ республикалардағы бұрыннан құрылған мектептен тыс ұйымдар тәрізді ұйымдастыру қажет болды. Қазақстан басқа республикалардан үлгі ала отырып туризм бойынша мектеп тыс Республикалық балалар мекемесін құрды.

Республикалық балалар экскурсиялық-туристік станциясы Қазақ ССР Министрі Кеңесінің № 1060 қаулысымен 1960 жылы 17 желтоқсанда ашылды. Қазақ ССР білім беру Министрлігі алқасының 1960 жылы 28 маусымдағы № 31 бұйрығы бойынша «Қазақ ССР мектептен тыс балалар мекемелерінің ережесі» бекітілді. «Облыстық, өлкелік және республикалық балалар экскурсиялық-туристік станциялары туралы ережесі» Орталық комитеті Лениндік комсомолдық жастар одағының хатшысы К. Куантаева және Қазақ ССР білім беру министрлігі А. Шарипованың бұйрығымен бекітілді.

Станцияның негізгі қызметі балалар ұжымымен жұмыс жасау-мектепте, тұрғылықты орны бойынша, уақытша туристік лагерлерде, станцияларда үйірме жұмыстарының жүйесін құру және ұйымдастыру. Үйірмеге қатысушылармен жүргізілген барлық тәрбиелік жұмыстарды станциядағы әдістемелік-нұсқаулық қызметін атқарушы, туристік оқушылар активін, жорықтар мен экспедиция жетекші көмекшілерін дайындаушы педагогтер атқарды.

1960 жылғы балалар экскурсиялық-туристік станцияларының қызметі туралы нормативті құжаттар оның отыз жылдық жұмысының негізі болып есептеледі. Отыз жылдық яғни 1960 жылдан бастап 1990 жылы аралығындағы осы құжаттар ресми түрде қолданылды. Дәл осы уақыттың бір бөлігінде жас туристер станциясының құрылуы және дамуы байқалды.

1977 жылы 19 қаңтарда КССРО министрлігі «Республикалық, облыстық, өлкелік балалар экскурсиялық-туристік станциялары туралы ережесін (Жас туристер одағы)» бекітеді.

70-ші жылдары Қазақстанның көптеген мектептерінде Кеңес Одағының территориясында туристік жорықтар жасаушы қатысушылардан құралған туристік үйірмелер ашыла бастады. Жүздеген туристік топтар туған өлкесі бойынша жасаған жорықтарда және экспедицияларда өз ауылдарының, аудандардың және қалалардың тарихы мен экономикасы, мәдениеті туралы бай мәліметтер жинады. Бұл жұмыстың нәтижесі яғни мектептердегі өлкетанулық мұражайларының құрылуы болып табылады.

1979 жылғы наурызда өзінің басшылығы мен қызметкерлерінің құрылымдық базы қалыптасқан «Мектептен тыс мекемелеріндегі туристік база туралы үлгілік ережелері» бекітілді. 80-ші жылдардың соңында республикада жыл сайын бірнеше ондаған мың оқушыларға қызмет көрсетуші ондаған туристік базалар және лагерлер жұмыс жасады.

1981 жылы Иссык қаласында VI республикалық туризм техникасы бойынша оқушылардың сайысы, ал 1985 жылы Алматы қаласының жас туристер станциясы өзінің Ұлы Отан

Соғысының 40 жылдығына арналған алғашқы альпиниадасын өткізді.

Қайта құрылу және қоғамды демократияландыру кезеңі халықтық білім беру жүйесіне әсерін тигізді. 1990 жылы сәуірде жаңа «Мектептен тыс мекемелері туралы үлгілік ереже» шықты. Берілген құжатта барлық халықаралық станциялардың қызметі қарастырылған. Мекеменің басқаша аталуы мен оның өкілдігінің кеңейтілуіне байланысты 1995 жылы жаңа «Ереже» қабылданды. Республикалық жас туристер станциясы 1995 жылы 2 тамыздан бастап «Қазақстан Республикасы білім Министрлігі білім алушылардың Халықаралық туризм орталығы» деп аталды. Орталық туралы алдыңғы басқа ережелерден қарағанда бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциясына, «Білім туралы» Заңына және білім Министрлігінің нормативті құқықтық актілеріне сәйкес келуімен және нақтылығымен ерекшеленеді. 1997 жылы Республикалық білім алушылардың туризм орталығы жабылып, жұмысын облыстық орталықтар атқарды.

2000 жылы Алматы облыстық балалар және жасөспірімдер туризм және экскурсия орталығы Қазақстан ардагерлер Кеңесі, альпинизм Федерациясы және альпинизмнің ұлттық қорымен бірігіп білім алушылардың 15-ші альпиниадасын өткізді. Туризм және бағдарлаудың әр алуан түрі бойынша сайыстар, алыс экскурсиялар және саяхаттар, туриадалар мен альпиниадалар, әр түрлі санаттағы және күрделі деңгейдегі жорықтар дәстүрге айналды. «Көлсай», «Ой-Жайлау», «Таугүл», «Хан-Тенгри» секілді Алматы облысының бірегей жерлерінде орналасқан туристік базалар Орталықтың материалдық-техникалық негізгі қызметі болып саналды. Баянкөл өзені алабында орналасқан «Хан-Тенгри» туристік базасы ерекше қызығушылықты танытады. Бұл нысан 1994 жылы пайдалануға беріліп, қазіргі уақыттағы сыйымдылығы 180 адамды құрайды. Қазір облыста бір уақытта 500 астам балалардың белсенді демалысын ұйымдастыруға шынайы мүмкіндіктер бар. 1997 жылы өкінішке орай бюджеттен қаржы бөлінбей, Орталық өзін-өзі қаржыландыру тәртібінде жұмыс жасады.

Орталықтың сәтті жұмысы үшін тек қана тұрақты қаржыландыру емес сондай-ақ, рекреациялық қызмет түріне жоғары назар аудару керек, себебі балалар туризмі жай ғана демалыс түрі ғана емес, болашақта қылмыскерлік пен нашақорлықсыз дені сау қазақстандықтарды қалыптастырушы болып табылады. Мектеп туризмі мен өлкетанудың даму келешегі біздің Республикадағы әлеуметтік туризмнің қалпына келтірілуі және дамуына байланысты.

Бұл қызметтің тәрбиелік рөлі отансүйгіштік санасын тәрбиелеуге бағытталады. Туристік-өлкетану іс шараларына қатысу, өлкенің табиғатымен, халық шығармашылығымен танысу. Осы міндеттердің шешілуі туристік-өлкетану қызметіне қатысты туристік-өлкетану іс шараларына қатысу, өлкенің табиғатымен танысу, халық шығармашылығымен, Осы міндеттердің шешілуі туристік-өлкетану қызметіне қатысты, сонымен қатар туристік-өлкетану іс шараларына қатысу, өлкенің табиғатымен, халық шығармашылығымен, өз халқының салт дәстүрлерімен танысу білім алушылардың физикалық және эстетикалық қасиетін ғана емес, олардың рухани-адамгершілік бағытын да дамытады.

Психологиялық-педагогикалық сараптаманың негізінде туристік-өлкетану қызметінің білім алушыларды отан сүйгіштікке тәрбиелеудің әдістері мен ұстанымдарының жүйесі анықталды. Отан сүйгіштікке тәрбиелеудің ұстанымдары: қызметтің жоғары дәлелділігі және оның руханилығы; танымдық және қоғамдық-пайдалы бағыттылығы; белсенділігі; тұлға мен мемлекет қызығушылығының тепе-теңдігі; тұлғаның даму ерекшелігінің есебі; танымның біртұтастылығы; күйзеліс пен әрекеті; қоғамдық пайдалы және когнитивтік, туристік қызмет пен түрлерінің (туристік-өлкетану үйірмелерінің сабақтары (топтардың), туристік серуендер, экскурсиялар, жорықтар, экспедициялар, іздеу жұмыстары, сайыстар мен слеттер, еңбек десанттары, байқаулар, конференциялар мен кештер, туристік лагердегі жиындар) өзара орындалуы. Отансүйгіштікке тәрбиелеу әдістері: ойындар, жобалар, пікірталастар, ұжымдық шығармашылық істердің әдістері.

Қазіргі уақытта 35 туристік-өлкетану станцияларында және республиканың қосымша білім беру ұйымдарында 17000 астам балалар айналысады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің міндеті- білім алушылардың шығармашылық тұрғыда, тұлғалық даму және кәсіби айқындалуы үшін жағдай жасау, тұлғаның қызығушылық қабілеттілігін жүзеге асыруы, қоғамдағы өмірге бейімдеу, азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, маңызды бос уақытын қалыптастыру.

Қосымша білім берудің мақсаты- оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде білім алушылар және тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру (Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» 1 бабының 39 бөлімі).

Қосымша білім беру жүйесінің міндеттері: (Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» 11 бабы)

1) тәжірибелік және ғылым жетістіктердің, жалпы адамгершілік пен ұлттық құндылықтардың негізінде тұлғаның кәсіби шыңдалуы мен дамуы, қалыптасуына бағытталған сапалы қосымша білім алуы үшін қеректі жағдай құру;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани, физикалық мүмкіндіктері мен біліктілігін дамыту;

3) азаматтылық пен отансүйгіштіке, өз Отаны- Қазақстан Республикасын сүюге, қоғамға және конституцияға қарсылықтарды қолдамаушылыққа, халықтық салт дәстүрлерді қадірлеуге, мемлекеттік тілді және мемлекеттік рәміздерді сыйлауға тәрбиелеу;

4) тұлғаны белсенді азаматтық ұстанымдылыққа тәрбиелеу, республиканың мәдени және экономикалық, қоғамдық-саяси өміріне араласу қажеттілігін, өзінің құқығы мен міндеттері саналы түрде қарым-қатынасын қалыптастыру;

5) тұлғаның қоғамда тез әлеуметтенуі.

Республикамызда қосымша білім беруді дамытудың жаңа бағыттарын ескере отырып, 2004 жылы 28 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы шығарған № 481 қаулысымен 1999 жылы құрылған «Республикалық оқушылар Сарайы» «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»

республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталды.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қызметінің Жарғысына сәйкес қосымша білім беру облысында қызмет атқарады.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қызметінің мақсаты: балаларға қосымша білім беру жүйесін ғылыми-әдістемелік, әдістемелік-бағдарламалық, оқу-бағдарламалық, оқу-тәрбиелік, мазмұнды-ұйымдастырушылық, ақпараттық және эксперттік тұрғыда қамтамасыз ету барысында дамыту.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қосымша білім беру жүйесіндегі балаларды әлеуметтік тәрбиелеудің инновациялық бағыттарында ғылыми-зерттеушілік жұмыс жүргізеді, музыкалық және өнер мектептері үшін білім беру бағдарламаларын дайындайды, қосымша білім берудің бароық бағыттары бойынша республикалық деңгейде іс шаралар өткізеді, қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру мақсатында курстар ұйымдастырады.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының қызметі балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытуға, тұлғаны танымдылық пен шығармашылыққа ниеттеу, қосымша бағдарламаларын жүзеге асыру және мемлекет пен қоғамның, тұлғаның қызығушылығына бағытталады. Орталық қызметінің негізгі бағыттары:

- балаларға қосымша білім беру жүйесін бағдарламалық-әдістемелік және ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ету;
- кәсіби байқауларды ұйымдастыруға, қосымша білім беру жүйесін дамыту мәселелері бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар және семинарлар өткізуге қатысу;
- балаларға қосымша білім берудегі педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

- қосымша білім беру жүйесі арқылы оқушылардың қоғамдық және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру бойынша қоғамдық балалар ұйымдарын дамыту;
- балалардың жазғы және каникул кезіндегі демалысын ұйымдастыруда ақпараттық, бағдарламалық-әдістемелік өнімдермен қамтамасыз ету;
- халықаралық маңызы бар және республикалық мектептен тыс іс шараларды, байқауларды ұйымдастыру мен өткізуде қатысу;
- әртүрлі бағыттардағы балалар қосымша білім беруде жүзеге асырылған тәжірибелерді жүйелеу және сарапаттау;
- халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты дамыту, халықаралық фестиваль, байқауларға, слеттерге, көрмелерге, балалар және үлкендерге арналған шығармашылық кештерге қатысу.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында балаларға арналған ғылыми-танымдық **ziyatker.kz** сайты құрылды, балалардың танымдық қызығушылығын даму мақсатында «Темірқазық», «Экоәлем» журналдар шығарылады.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында республика бойынша балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуда ғылыми-техникалық және экология-туристік бөлімі жұмыс жасайды.

Бұл бөлімнің басты міндеттері балаларға қосымша білім беру жүйесінде ғылыми-техникалық, экология-туристік бағыттары бойынша бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық-мазмұндылығы, ақпараттық және эксперттік жағынан қамтамасыз ету, зерттеу, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен тарату, бөлімнің бағыттарына сәйкес инновациялық технологияларды енгізу, ғылыми-техникалық және экологиялық-туристік бағыттар бойынша халықаралық маңызы бар, республикалық мектептен тыс іс шараларды,

республикалық мектеп олимпиадаларды, байқауларды өткізу болып табылады.

Жыл сайын «Менің Отаным- Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының Республикалық слеті өткізіледі.

Слеттің мақсаты: экспедициялық жасақтардың туристік-өлкетану жұмысын дамыту арқылы өз туған өлкесін кешенді зерттеу барысында оқушылардың азаматтық және отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасын меңгеруге тәрбиелеу;

- білім алушылардың ізденушілік-зерттеушілік әрекетіндегі дағдыларын жетілдіру;

- «Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясынан ең үздік экспедициялық топтарды іріктеу;


- білім алушылармен туристік-өлкетану жұмыс жасаудың дәстүрлі және инновациялық әдістері мен нысандарын сақтау және жетілдіру;

- «Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясының бағыттары бойынша қызметтің мазмұнын әрі қарай жетілдіру;

- республикамыздың туристік-өлкетану бағытында жұмыс жасайтын бірлестіктердің озық тәжірибелерін тарату.

Сондай- ақ, «Отанымыздың елордасы-Астанамен танысамыз» атты өлкетану жобасы жұмыс жасауда. Бұл жобаның басты мақсаты- Отанымыздың елордасы- Астананың құрылу тарихы мен дамуын зерттеп тану арқылы болашақ Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу мен қалыптастыру болып табылады. Туристік жорықтар, экскурсиялар мен экспедицияларды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулықтар құрастырылды.

Қазақстандағы жас туристер станциялары



Білім алушылардың саны жағынан барынша басым көрсеткішті Батыс Қазақстан облысы көрсетіп отыр. 14 станцияларда 9368 балалар білім алады. Туристік-өлкетану қызметінің біртұтас тәрбиелік кеңістігін құру және аудандық балалар және жасөспірімдер туризм орталықтарын дамыту бойынша Батыс Қазақстан облысының бірегей тәжірибесі үлгі болып табылады.

2010 жылы 7-9 қазанда Орал қаласында «Туристік-өлкетану қызметі арқылы тұлғаның Еуразиялық мәдениетін қалыптастыру» атты тақырыпта ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Орал өңірінде балалар туризмінің 50 жылдығына арналған мерейтойлық іс шаралар шеңберінде конференция өткізілді. Оның жұмысында алыс және жақын шет елдердегі және Қазақстандағы жоғары оқу орындарының қосымша білім беру ұйымдары мен туристік

бірлестіктердегі педагогикалық ұжымдарының ең үздік өкілдерінен құралған 220-дан астам ғалымдар және педагогтер қатысты.

Батыс Қазақстан облысының болашақта қазіргі заман талабына сай балалар және жасөспірімдер туризмін дамытуда мүмкіншілігі бар. Елу жылдан астам бойы аймақта балалардың туристік ұйымдары жұмыс жасап келеді. Облыстық Орталығынан бөлек оның қатарына «Атамекен» қалалық Орталығы сондай-ақ 12 аудандық орталықтар мен станцияларда кіреді. «Менің Отаным-Қазақстан» атты Республика оқушыларының туристік-өлкетану экспедициясы бағдарламасының шеңберінде жыл сайын мыңдаған жас туристер мен олардың жетекшілері қатысқан ондаған жаяу, шаңғы, су велосипед жорықтары, әртүрлі жол бағдары бойынша экспедициялар мен экскурсиялар өткізіледі. Әртүрлі сайыстар, турнирлер, фестивальдер және спорт, өлкетану, сауықтыру туризмі, экология мен геология т.б аясында акциялар ұйымдастырылады. «Туған өлкенің көрнекті орындарынан- Қазақстанның қасиетті жерлеріне дейін» атты тұжырымдамасына сәйкес жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерінен бастап Отанымыздың елордасы-Астанаға және басқа аудандарға дейін оқушылардың экскурсиялары ұйымдастырылуда. Оралдықтар үшін ерекше орын алған жыл сайын өткізілетін туристік-экологиялық «Орал-Жайық» экспедициясына жиырма үш жыл бойы облыстан, Қазақстанның басқа қалаларынан, сондай-ақ ресейлік көрші өңірлерден және ТМД елдерінен мыңдаған білім алушылар қатысты. Әр жыл сайын қоғамдық «Балалар академиясын дамыту» бірлестігінің конференциясы, «Өз өлкеңмен танысу» секілді өлкетану олимпиадалары және өлкетану оқулары, «Жас әнші» жас бардтар байқаулары, «Жайық толқыны» фестивалі өткізіледі. Жас туристер «Орал өңірінің Жасыл желкені» экологиялық акциялар, «Қорғай біл» бағдарламасы негізінде қоршаған ортаны қорғау іс шараларына, тұрғылықты жерлерді, өзендер мен көлдердің жағалауларын жасылдандыруға қатысады. Нәтижесінде туған өлкенің биоалуантүрлілігі артады. Облыстық, қалалық және аудандық орталықтарда және

балалар және жасөспірімдер туризм станцияларында мындаған Орал өңірінің жоғары оқу орындары мен колледж студенттерін, мектеп білім алушыларын қамтитын әртүрлі тақырыптарда үйірмелер жұмыс жасайды. Ондаған залдар, бөлмелер және бұрыштары зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жинақталған Оқу орындарында әртүрлі деңгейде 115 өлкетану мұражайлары құрылды.

Ресейлік балалар туристік ұйымдарымен ынтымақтастықта, әсіресе шекаралас өңірлері-Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара және Оренбург облыстарымен жан-жақты ынтымақтастықта жұмыс жасау дәстүрге айналды. Соңғы уақыттарда Оралда «Туристік-өлкетану қызметі арқылы еуразиялық мәдениетін қалыптастыру» атты ғылыми-тәжірибелік конференция (2010 ж) және Халықаралық форум «Білім. Туризм. Интеграция» (2012 ж). Шекаралас ынтымақтастықты дамыту аясында «Еуразиялық өзен аралық» балалар туристік ұйымдарының Ассоциациясы құрылды, сондай-ақ Еуразиялық балалар туристік ұйымдарының одағын құру туралы шешім қабылданды.

Орталықта құрылыған «Еуразия», «Бивуак» және «Самал» туристік кешендерінде туристік-өлкетану қызметі белсенді атқарылуда. Мысалы, «Еуразия» туристік-сауықтыру кешенінде оқу-жаттықтырушы жиындар, сондай-ақ балалардың бос уақытын қызықты өткізуге, оларды шығармашылық, спорттық-туристік-өлкетану қызметіне тарту мақсатында

жаздық үш профильді ауысымдар: «Жас турист», «Жас эколог», «Жас өлкетанушы» ұйымдастырылды. «Бивуак» туристік-экскурсиялық кешені облыстық төтенше жағдайлар департаментімен бірге «Жас құтқарушылар» ауысымын өткізеді. Сонымен қатар «Бивуак» балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында оқу-тақырыптық, танымдық-ойын-сауық экскурсияларын өткізеді.

Балалар және жасөспірімдер туризмін ұйымдастыруда жақсы көмекші бола алатын ғылыми-әдістемелік журнал «Соқпақ-Тропинка» Батыс Қазақстан облысында ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның басқа өңірлерінде таратылады.

Толығымен, облыстардың білім беру ұйымдарында педагогикалық қолданыстарында қызықты формалар мен білім алушылармен өлкетанулық жұмысының әдістері бар.

Қазіргі уақытта Павлодар облысында Облыстық экология, туризм және өлкетану орталығы жақсы жұмыс жасауда.

Бұл орталықтың оқу үрдісі білім алушылардың қоғамда сәтті бейімделуіне байланысты әлеуметтік тәжірибені жинақтауына бағытталады. Педагогтердің жеке-бағдарлық тәсілдемесі оқу-жаттығу үрдісінде білім алушылардың даму, физикалық және тактикалық дайындық деңгейін ескереді. Алдағы уақытта өлкетанулық жұмыста сондай-ақ, туристік-спорттық дағдылар бойынша жеке және командалық нәтижелердің жоғары жетістіктерге жету міндеті қойылады.

Ескерілетіні, жастарды саяхатқа қызықтыру, салауатты өмір салтын насихаттау және туризмнің негізіне үйрету мақсатында Қазақстанда «Қазақстан саяхатшысы» белгісі ұсынылады, белгіні алу талаптары мен нормаларына сай 10 жасқа толған балаларға рұқсат етіледі. «Қазақстан саяхатшысы» белгісімен жыл бойы төрт немесе бірнеше жорықтарда (оның ішінде дала жағдайындағы бір жорық кезінде қону яғни жалпы жалғасуы 5 күнен кем емес және жаяу немесе шаңғыда ортақ ұзындығы 75 шаршы шақырымнан кем емес; конный бағдарда 100 шаршы шақырымнан кем емес; велосипедпен жүруде 150 шаршы шақырымнан кем емес, автокөлік немесе мотоциклде 500 шаршы шақырымнан кем емес) қатысқан жас туристер марапатталады.

Жыл сайын Оңтүстік Қазақстан облысында туған өлкенің мәдениетін, экономикасын, тарихын зерттеу, ұлы тұлғалар және олардың жетістіктері, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан өңірінің келешек ішкі туризмін дамыту мақсатында «Қазақстан-менің елім» экспедициясы өткізіледі.

Сонымен бірге тарих, туған өлкенің экономикасы, географиясы бойынша білім сапасын көтеру, қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, оқушылардың жұмыстың зерттеу дағдыларына қызығушылығын ояту, жалпы білім беру мектептеріндегі үздік жас зерттеушілердің жұмыс тәжірибесін насихаттау мақсатында «Атамекен» туристік-

өлкетану экспедициясы өткізіледі. Облыстық жас туристер станциясы оқушыларға туған өлкемен кеңінен танысуға, табиғаттың ерекшелігін, елдің тарихы мен мәдениетін түсіне білуге, қызметке қатысуға мүмкіндік жасау барысында жас өлкетанушылармен бірге кешенді бағдарламаларды жүзеге асыруда.

Балалар туризмі - ұлттың мәдени дамуы және адамгершілік саулығын, құндылық бағдарлығын қалыптастырудың, адамзаттың жинақталған өмірлік тәжірибесін өскелең ұрпаққа жеткізудің маңызды әдістің бірден бір түрі.

Туристік-өлкетану үйірмелеріне қатысу барысында айтарлықтай білімін және практикалық өлкетану қызметіне қатысу үрдісі кезінде балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, туристік жорықтар мен саяхаттарда әртүрлі ғылыми пән әдістердің дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бір уақытта әртүрлі практикалық дағдыларды алудың яғни өзін-өзі ұйымдастырудың, өзін-өзі басқарудың, қоғамдық белсенділік пен тәртіптіліктің, кедергілерді жеңе білуді және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүмкіндіктері беріледі. Нәтижесінде туристік-өлкетану қызметін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің кешенді тәсілі ретінде анықтайды. Мемлекет пен қоғам алдында жас ұрпаққа балалар туризмінің ғажайып әлемін қайтару мен оның барлық түрлері және формаларын дамыту міндеті бірінші кезекте қойылған.

Қазіргі уақытта білім алушыларды отансүйгіштік, физикалық, мәдени және экологиялық тәрбиелеудегі туризмнің маңыздылығын бағалау қиын. Жастар арасында жаппай туризмді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі 2009 жылы 27 қаңтарда «Менің Отаным-Қазақстан» республикалық туристік экспедицияларының ұйымдастыру жөніндегі кейбір мәселелері» № 61 қаулысын қабылдады. Осы жылы алғаш рет спорттық-сауықтыру, экологиялық және мәдени-танымдық туризм атты үш номинация бойынша елдің барлық өңірлерінде республикалық туристік экспедицияның аудандық және облыстық кезеңдері өткізілді. Экспедиция қатысушыларының саны шамамен 60 адамды құрады. 2009

жылы тамызда Ақмола облысы Зеренді ауданының «Сұңқар» сауықтыру кешені базасында алғашқы «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициясы жеңімпаздарының республикалық слеті өткізілді. Оған облыстық кезеңдерінің жеңімпаздары, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының техникалық және кәсіби білім мекемелері мен мектеп білім алушылары, туризм саласы және жоғары оқу орындарындағы 1-2 курс студенттері қатысты.

«Менің Отаным -Қазақстан» туристік экспедицияларды өткізу, «Қазақстан саяхатшысы» белгісінің талаптары мен нормативтерін орындау жастарда Отанға деген сүйіспеншілік пен отансүйгіштіктің негізін, қоршаған ортаға ұқыпты қарым-қатынасын, туризмнің белсенді жұмысы және туристік техниканың дағдыларын бекітуді тәрбиелеу ең маңызды факторы болып отыр.

Білім алушылардың туристік-өлкетану қызметінің психологиялық-педагогикалық қағидаттары

Туристік-өлкетану қызметін тәрбиелеу құралы ретінде ұйымдастыру оның әдіснамалық негіздерімен айқындалады, олардың ең маңыздысы әлеуметтік орта – тұлғаны дамытуда айқындаушы фактор туралы, ең маңызды адами қажеттіліктерді дамыту рөлі туралы материалистік теориялар ережелері болып табылады.

Білім алушылардың туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру және дамыту оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, ұйымдастыруды, әдістерін айқындау кезінде басшылыққа алатын психологиялық-педагогикалық қағидаттарға негізделеді және бір жағынан, қоғам алдында тұрған жалпы мақсаттар мен міндеттерді, екінші жағынан, оқыту және тәрбиелеу процесінің жалпы заңдылықтарын көрсетеді.

Ынтыалылық қағидаты туристік-өлкетану қызметінің жасөспірім мінез-құлқының себептерін айқындайтын оның тұлғасының бағалы қасиеттерін тәрбиелеу, қалыптастыру міндеттеріне бағынуын болжайды.

Өмірден тәрбие алу байланысы білім алушылардың қоршаған шынайы өмірмен жүйелі түрде танысуын болжайды, оған жорыққа шығу жағдайларында саяси ақпараттар, әңгімелесулерді тұрақты жүргізу, газеттер мен журналдар оқу, радио тындау, саяси, құқықтық, эстетикалық, экономикалық, мәдени сипаттағы пікірталастар немесе лекцияларды ұйымдастыру жолымен қол жеткізіледі. Жас туристердің елде болып жатқан оқиғалардан хабардар болуы және күнделікті істермен шектеліп қалмауы маңызды.

Жорыққа шығу уақытына жоспарланған ғылым және мәдениет өкілдерімен, еңбек адамдарымен, азаматтық және Ұлы Отан соғысына қатысушылармен кездесулер оқу орындарының өндірістік ұжымдармен, қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді, білім алушыларды халық дәстүрлері мысалында тәрбиелеуге ықпал етеді.

Жас туристердің туристік-өлкетану экспедицияларына, көрмелерге, слеттерге және басқаларына қатысуы, олардың

еңбек қызметі рухани құндылықтарды қалпына келтіру үшін қоғамдық қызмет ету мектебі, жалпы халықтық күрестің құрамдас бөлігі болады.

Ғылымилықтың дидактикалық қағидатын тәрбиелеудің мақсаттарымен және міндеттерімен басқарылатын қызметтің бірыңғай жүйесі ретінде қараған жөн. Ғылымилықтың дидактикалық қағидаты туристік-өлкетану және экскурсиялық жұмысты жоспарлау, оған жүйелі тәсіл арқылы, сондай-ақ саяхат ауданын алдын ала зерделеу, жорыққа тиісті жұмысты орындауға дайындық, жиналған материалдарды өңдеуде жүзеге асырылады.

Ұжымшылдық қағидатының жас туристерді еңбекке және адамгершілікке тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Тек қана ұйымшыл туристік ұжым қиын бағдардан өтуге және жарақаттанулар мен жазатайым оқиғаларсыз қойылған міндеттерді орындауға қабілетті. А.С. Макаренко ұжымды былайша сипаттады: бұл ұйымдастырылған, ұжым органдарына ие тұлғалардың мақсатты кешені, мұнда маңыздысы достық мәселесі, махаббат мәселесі, көршілік мәселесі емес, жауапты тәуелділік мәселесі болып табылады... Жолдас жолдасты тыңдай білуі тиіс, тек тыңдап қана қоймай, ести білуі тиіс. Сондай-ақ, жолдас жолдасқа бұйрық бере білуі тиіс, яғни оған тапсырма беріп, одан белгілі бір функцияларды және ұжымның тең құқылы мүшелерінің бағыну жауапкершілігін талап етуі тиіс – бұл тек қана бала қоғамына ғана емес, сондай-ақ ересектер үшін де аса қиын тапсырмалар».

Туристік ұжым, уақытша немесе тұрақты, қоғамның құрамдас бөлігі болып табылады, оның идеялық бағыттылығын көрсетеді, оның қағидаттарына біріктіріледі. Туристік ұжымның мақсаты – үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру. Алайда, әртүрлі туристік ұжымдардың осы тапсырманы шешу мүмкіндіктері бірдей емес. Осылайша, туристік секция немесе кәсіпорынның туристер клубы осы міндетті жеткілікті көп уақыт кезең ішінде шешеді, ал жорыққа шығу уақытына жиналған жоспарлы немесе өз бетінше ұйымдастырылған бағдарлардың туристік тобы аз ғана уақыт аралығында, әдетте бір айға дейін тәрбиелік ықпалын тигізеді. Өзгеше тең

жағдайларда тұрақты туристік ұжым қойылған тапсырманы айтарлықтай тиімді орындайды.

Алайда, тіпті тұрақты туристік ұжымдар (үйірме, секция, клуб) жыл бойы үздіксіз туристік қызметтің перспективалы желілерін құруда әртүрлі педагогикалық мүмкіндіктерге ие. Осылайша, өндірістік ұжым өзінің туристік секциясының әрбір мүшесі үшін көп күндік жорық немесе алыс экскурсияны жылына бір немесе екі рет (егер еңбек демалысы екі бөлікке бөлінген болса) жоспарлауы мүмкін. ЖОО (колледждің) студенттері жаздық және қыстық каникулдарды пайдалана отырып, үш алыс жорыққа дейін шыға алады. Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудың елеулі артықшылықтары бар – туристік жұмыстың жылдық жоспарына 4-5 алыс немесе жақын көп күндік жорық, экскурсия, экспедицияларды енгізуі мүмкін.

Балалардың туристік ұжымдары жастары бірдей, мысалы жалпы білім беретін мектептерде және жастары әртүрлі, мысалы жалпы мектептік туристік үйірмеде немесе қосымша білім беру ұйымдарындағы (Жас туристердің шығармашылық сарайы немесе үйі, облыстық туристік станция, жас туристер орталығы, туристік клуб және т.б.) туристік үйірмеде болады. Жастары әртүрлі ұжымда балалардың жеке ерекшеліктерін пайдалану, дәстүрлерді бекіту, оның – үлкендерден кішіге дейінгі мирасқорлығы арқылы бірлескен қызмет тәжірибесін жинақтау мүмкіндіктері көбірек болатынын практика көрсетеді. Сонымен қатар, бірдей емес зияткерлік дайындық пен физикалық деректердегі айырмашылықтар топтағы терең ішкі бірігуге ықпал етпейді. Әдетте, ұйымшыл туристік ұжым жастағы айырмашылық 1-2 жасты құрайтын кезде қалыптасады. Іздестіру-өлкетану жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып, халыққа білім беру органдары білім алушылардың санаттары бойынша жорыққа шығуына үш бірдей жастан асатын білім алушыларды бір топқа біріктіруді ұсынбайды.

Тәрбиелеудің қажетті әсерін негіздейтін педагогикалық әсердің үздіксіздігі қалыптасқан балалар ұжымына сүйене отырып қана қамтамасыз етілуі мүмкін. Балалар туристік

ұжымының ұйымшылдығы – іздестіру жұмысын, мәдени-бұқаралық, ағарту, спорт, сауықтыру және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуде міндеттердің аражігін катал ажырату кезінде жорыққа қатысушылардың өзара іс-қимылы мен ұжымдық шығармашылығына негізделетін оның іздестіру қызметінің табысы мен нәтижелілігінің негізгі шарты. Жорыққа қатысушылардың денсаулығы мен өмірі ұжымдық қарым-қатынастардың қалыптасу дәрежесіне де байланысты.

Туризм білім алушылардың ұйымдасуында үлкен мүмкіндіктерге ие. Қызметтің басқа түрлерінің алдында туризмнің артықшылығы жорыққа қатысушылардың сипаты бойынша тұрақты және әртүрлі қызметпен айналысатынын білдіреді. Балалар жорықта, экскурсияда әрқашан бірге болады, қоғамдық маңызы бар, өзінің романтизмімен тартатын мақсаты бар, ол жорыққа қатысушылардың санасын иелене отырып, олардың белсенді болуын ынталандырады, энергияны жұмылдырады, қызметін бағыттайды. Мінез-құлықтың талаптарынан, нормаларынан және қағидаларынан әртүрлі ауытқу ұжымның мүдделеріне қайшы келеді, қойылған мақсатқа жетуді тежейді. Жорыққа шығуда осындай жағдайлардың пайда болуы көпшіліктің наразылығын шынайы қабылдайды және әдетте отряд түсінбестікті, дауларды тез және дұрыс шешеді. Туристік жұмыстағы іскерлік және ұжымдық ынталылық жорықтың басшысына отрядтың өміріндегі көтеріңкі көңіл-күйді орнатуға мүмкіндік береді.

Туристік ұжымның ұйымдасуында жорықтағы бірлескен қызмет маңызды рөл атқарады, оның процесінде өзара тәуелділік қатынастары пайда болады. Танымал педагог және жазушы А.С. Макаренко өзара тәуелділік қатынастарын ұжымның ұйымдасуындағы ең маңызды тетік деп санады. «Ұжымның мүшелері «еркін емес», «бос кеңістікте айналмайды», олар өздерінің міндеттемелерімен немесе ұжымдағы қарым-қатынастармен, ұжымға қатысты өзінің міндетімен байланысты, жолдастың жолдасқа қарым-қатынасының мәселесі – бұл жауапты тәуелділік мәселесі» деп айтты.

Жорықта білім алушылар мектептің, ауылдың, ауданның, облыстың өкілдері ретінде шығатыны ұжым ұйымдасуының құралы ретінде туризмнің ерекше сипаты болып табылады. Бұл жас туристерді жауапты, тәртіпті және жинақы болуға, жарыстар мен слеттерге қатыса отырып, отрядтың нышаны мен дәстүрлерін сақтауға, қоғамдық тәртіпті бұзушылармен (браконьерлер, бұзақылар және т.б.) күресуге мәжбүрлейді. Өзіне қымбат ұжымға берілу қатысушылардың өз отряды, мектебі және т.б. үшін борыштылық сезімін, намысын, мақтанышын қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, ұжымдағы тәрбиелеу қағидаты және туристік қызметтегі ұжым арқылы ерекше маңызды мәнге ие, балалар туризмін жасөспірімдерге жан-жақты әсер етудің тиімді құралы етеді, жетекшінің білім алушылармен өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру үшін тәрбиелеу әдісін икемді пайдалануды болжайды.

Педагогикалық басшылықтың білім алушылардың ынталы іс-әрекетін және бастамасын дамытумен байланыстыру қағидаты туристік-өлкетану қызметінде маңызды мәнге ие. Тәжірибе туристік қызмет процесінде пайда болған өзара тәуелділік қатынастарының қиындайтынын көрсетеді: білім алушылар бастапқыда жорық жетекшісінің өкімдерін орындайды, содан кейін біртіндеп және саналы түрде отряд істерінің шешіміне енгізіледі. Ұжым өзара қарым-қатынастардың неғұрлым жоғары деңгейімен – жолдастық, борыш, жауапкершілікпен айқындалатын өз дамуының жаңа сатысына кіреді. Осылайша, туристік ұжым толық өзін-өзі басқаруға қол жеткізеді.

Қоғамдық пайдалы еңбектің көп болуы туристік қызметке тән қасиет болып табылады. Бағдарды әзірлеу, жорықтағы міндеттерді алдын ала бөлу, жорық материалдарын ресімдеу кезеңінде білім алушылар бір біріне қатысты тәуелділігі әртүрлі болады. Әрқайсысы шаруашылық, мәдени-ағарту, санитариялық-гигиеналық және басқа жалпы іс-шараларға белсенді қатысуы мүмкін. Оған дара басшылық пен демократизмге негізделген өзін-өзі басқару ұйымы қол жеткізеді. Жорыққа әрбір қатысушының өзінің жұмыс учаскесі

бар (зерттеу, әкімшілік-шаруашылық), ол үшін толығымен жауап береді және жолдастарының алдында үнемі есеп береді. Туристік ұжымда өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру – бастамашылықты және шығармашылықты дамыту негізі.

Туристік жұмыста жорық жетекшісінің қиын жасөспірімді қайта тәрбиелеу мақсатында ол үшін қызықты қызметке оның назарын аудару білуі, оң байланыстарын бекітіп және теріс байланыстарын жоя отырып, шағын (микро) топтарға бөлуі, өз ұйғарымы бойынша жасөспірімдердің педагогикалық тұрғыдан орынды микротоптарын біріктіруі немесе құра білуінің үлкен мәні бар. Микротоптардың сипатты ерекшеліктерінің бірі бірлесіп іске асырылған мақсаттардың тұтастығы болып табылатынын практика көрсетті. Ұжымдық қызметтің түпкілікті мақсатының маңыздылығы оған қатысушылардың әрқайсысы үшін әртүрлі болуы мүмкін болса да, бірлесіп жұмыс істеу әрқайсысына топта қабылданған мінез-құлық пен қарым-қатынастар нормаларына сәйкес келетін айқындалған талаптарды қояды.

Топтық мінез-құлық нормаларында сонымен қатар туристік топта қабылданған мінез-құлық пен қарым-қатынастар нысандарын тұрақтандыру үрдісі көрсетіледі. Бұдан басқа, онда туристік қызметке қатысушылардың талаптары ғана емес, сонымен қатар олардан топта қабылданған мінез-құлық бағытын күту қамтылады. Жасөспірімнің топтық мінез-құлық нормаларын қабылдамауы оған жағымсыз салдарға алып келеді: жасөспірімге отрядтан шығаруға дейінгі белгілі бір санкциялар қолданылуы мүмкін; құрдастарының алдында оның беделі төмендейді, бұл жасөспірімнің туристік топтағы әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне әкеп соғады. Егер бұзушы үшін топ референтті болып табылса, қалыптасқан жағдайды ол жайсыз, субъективті түрде жақсы жағдайды бұзуға әкелетіндей етіп сезінеді. Оны аз да болса қанағаттандыратын ұстанымды сақтау үшін, білім алушы топтық мінез-құлық нормаларына қайшы келетін тікелей ниеттерге қарамастан топтық күтулерді (талаптарды) сақтауға мәжбүр.

Осылайша, топтық мінез-құлық нормалары екі функционалды жүйені білдіреді: бір жағынан сыртқы әсердің

реттеуші аппараты болып табылады, екінші жағынан білім алушының ынталандыру құрылымын қозғай отырып, оның алдында қалыптасқан жағдайдағы маңызды қажеттіліктерді таңдау проблемасы туындайды. Мінез-құлық нормаларын сыртқы тұрғыдан сақтау оған жасөспірімнің адамгершілік сәйкестігін білдірмейтінін ескеру қажет.

Балалар туристік тобындағы тұлғааралық өзара қарым-қатынастардың қиындығы сияқты оның мүшелерінің туристік қызметке қарым-қатынасының қиындығы топтық мінез-құлық нормаларының ықпалын төмендетуі мүмкін. Қабылданған мінез-құлық нормаларын бұзушыны үнсіз немесе ашық қолдайтын үлкен емес фракция тобында болу, қоғамдық санкциялардың өткір қабылданбауына жеткілікті болады. Бұл топтық мінез-құлық нормаларының басым фактор болып табылмайтынын білдірмейді, бірақ белгілі бір жағдайларда олардың тиімділігі аз болады. Топтық мінез-құлық нормаларын бұзушыға қатысты алсақ, жалпы нормалар сондай-ақ жалпы топтықтан ерекшеленетін қазіргі дербес нормаларға байланысты жеткілікті құндылығы жоқ микро топтарда ол қанағаттандырылатын жағдай табады. Осы жағдайда микро топтар мүшелерінің детерминанты болып табылатын микротоптық нормаларға жалпы топтық мінез-құлық нормалары ықпалының дәрежесі ауыстырылады.

Талаптылық пен білім алушыға деген сый-құрмет қағидаты туристік топтағы қажетті байланыстарды орнатуда сенімді негіз және бағдар болады. Бұл қағидат ұжымға деген сеніммен байланысты. Ұжымда жасөспірім көбірек тілдесе, жасөспірім алатын білім, шеберлік және дағдылар соғұрлым жетік болады. Жасөспірімге деген талаптылық пен сый-құрмет оның күш-жігері мен мүмкіндіктеріне сенім білдірген жағдайда пайда болады. Туристік қызметте осы қағидатты іске асырудың өз ерекшелігі бар. Жорық жетекшісінің жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілігі олардың мүмкіндіктерін, көңіл-күйін, өзара қарым-қатынастар сипатын, өзіне деген қатынасын білуге оны міндеттейді. Жорыққа қатысушылар туралы формальды емес жорық өмірінде және жақын тұлғааралық қарым-қатынастарда білуге болады. Туристік

лауазымдарды бөле отырып, нақты жұмыс учаскелеріне жауаптыларды тағайындай отырып, жорық жетекшісі жас туристерге деген толық сенімді білдіреді, оларға жүктелген міндеттерді орындауға іскерлік қатынасты бекітеді.

Балалар туристік ұжымының өмірін педагогикалық түрде жоспарлап басқару жасөспірімдердің өзара қарым-қатынастарын ұйымдастырудың гуманистік негізі туристік қызметтің әртүрлі нысандарының мазмұнында және оларды пайдалануда олардың жастарын және жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін атап көрсетеді.

Әрбір білім алушы – бұл ерекше әлем. Тәрбиелеу процесінде міндетті түрде жасөспірімнің жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Жорыққа (алыс экскурсияға, экспедицияға) жинала отырып, жетекші жорыққа әрбір қатысушының туристік білімдері мен шеберлігін анықтауы, еңбек, адамгершілік, физикалық және басқа қасиеттерін айқындауы тиіс. Бұл үшін оған ата-аналар, мұғалімдер, психологтар, туристік топ мүшелері, дәрігер көмектесуі мүмкін. Педагогтің жасөспірім туралы жеке бақылаулары мен ұсынымдары маңызды рөл атқарады. Алайда, жасөспірімнің моральдық және физикалық қасиеттерін толығымен анықтау үшін осы мәліметтердің өзі де жеткіліксіз болуы мүмкін. Жорық өмірі оның жеке қасиеттерін айқындауға неғұрлым көп көмектеседі. Тұрғаннан жатқанға дейін жасөспірім жорық жетекшісінің бақылауында болады. Жасөспірімнің оған таныс емес көптеген мінез ерекшеліктері, оның дағдылары, икемділігі, моральдық және физикалық қасиеттері іздестіру-өлкетану жұмысы процесінде, спорт және еңбек қызметінде, түскі ас уақытында, демалу кезінде ашылады. Жасөспірім жорықтарға (экскурсияларға, экспедицияларға) көбірек қатысса, ол соғұрлым толық әрі терең ашылады. Туристік жорықтың тәжірибелі жетекшісі жасөспірімнің ішкі жан дүниесін оның жақындары мен туыстарына қарағанда анағұрлым нақты көре алады. Жасөспірімнің темпераментін, мінезін, қабілеттерін, қызығушылықтарын, икемділіктерін, ойларын, күйзелістерін, мақсаттарын білу жорық жетекшісіне тәрбиеленушісінің жеке

жақтарын дамыту бойынша мақсатты жұмысын табысты жүргізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, туристік жұмысты ұйымдастыруда балалармен жеке тіл табысу педагог үшін білім алушының оң қасиеттеріне сүйене отырып, қиын жағдайларда оған күнделікті көмек көрсетуге, тәрбиелеу ықпалының әртүрлі әдістері мен тәсілдерін ептеп және ең маңыздысы формализмсіз қолдануға көмектеседі.

Дәйектілік, біртіндеп, жүйелілік қағидаттарының білім алушылармен туристік жұмыста үлкен мәні бар. Осы қағидаттарды сақтау педагогикалық жүйенің құрылуын болжайды, оның құрамдас бөліктері органикалық түрде өзара байланысты, тұтас бірлікті құрайды. Осы қағидаттарды іске асыру туристік жұмыстағы педагогикалық процестің үздіксіз болуын болжайды, тәрбиелеу ықпалында мирасқорлықты талап етеді. Жорық (экскурсия, экспедиция) кезінде тәрбиелеудің мектептегі оқу жылы ішінде жасөспірімдермен жұмысты жалғастыру болып табылуы және сапалы жаңа кезеңді білдіре отырып, бұрын алынған білімдер, шеберлік пен дағдыларды бекітуге ықпал етуі маңызды.

Алайда, дәйектілік, біртіндеп, жүйелілік қағидаттары әрқашан қолданылмайды. Әдетте, жорықтың спорттық мақсаттары бар, ал қоғамдық түрде пайдалы, өлкетану жұмысы жеткіліксіз немесе жоқ болады, бұл педагогикалық әсерді төмендетеді. Көбінесе дәйектілік, біртіндеп, жүйелілік қағидаттарын іске асыруға жорықтар белгілі бір педагогикалық мақсаттарсыз жағдайдан жағдайға ұйымдастырылған жағдайда, негізделген жоспарлаудың болмауы кедергі болады.

Туристік іс-шараларды ұйымдастыруда және өткізудегі жүйесіздік әдетте күтілетін тәрбиелеу әсерін бермейді. Әсіресе, бұл кіші жасөспірім жасындағы білім алушылармен жұмыс кезінде байқалады. Әлсіз ерік, байсалды еместігі оларды оқу жылы ішінде бір жаздық жорық немесе экскурсия перспективасында ұстауға мүмкіндік бермейді.

Кіші жасөспірімдермен туристік жұмысты ұйымдастырудың дәйекті еместігі әсіресе кейбір жетекшілердің бірінші жорықты қиын – санатты – және қауіпті бағдар

бойынша жүргізу әрекеттерінде байқалады. Бұл, әрине, жасөспірімдердің оқу, қоғамдық түрде пайдалы және еңбек қызметі үшін жауапкершілігін уақытша арттырады. Олар жақсы оқумен, үлгілі мінез-құлқымен және еңбекке белсенді қатысумен жорыққа қатысуға құқығын жеңіп алуға тырысады. Бірақ мұндай жорықтың педагогикалық орындылығы өзін ақтамайды. Ұзақ қиын жорық жасөспірімдердің физикалық күштерінің ширыққанын талап етеді, бірақ олар шағын, жүйелі өткізілетін демалыс күндерінің жаттықтыратын жорықтарына дайындалмай, қарапайым туристік шеберліктер мен дағдыларды дұрыс және уақтылы пайдалана алмайды, бұл олардың күнделікті және барлық жорықтық жүктемесін арттырады.

Жаттықтыру жорықтарында пысықталмаған өзін-өзі басқару жетекшінің әкімшілік іс-қимылдарымен ауыстырылады. Қоғамдық пайдалы мақсат әдетте жеткіліксіз болады. Бұл «супер жорықта» тек қана спорт тапсырмасы шешіледі. Нәтижесінде туристік қызметтегі әртүрлі нысандарда әлденбей, құр бекер жедел маршпен шаршаған білім алушылар жорықтан көңілдері қалып, наразы болып қайтады. Осындай спорттық іс-шараның педагогикалық нәтижелілігі әрқашан спорттық қызметпен бірге күш жетерлік қоғамдық пайдалы еңбекпен біріккен танымдық-өлкетану қызметі бар жорық қорытындыларына қарағанда нашар болады.

Туристік-өлкетану қызметінің қолжетімділік қағидаты оның мазмұны арқылы іске асырылады. Туристік-өлкетану қызметіне демократиялық тән: онда білім алушылардың оқу процесінде және көптеген қызмет түрлерінде үнемі болатын, бір жағынан жасөспірімдерді қабілетті және дарындыларға және екінші жағынан қабілетсіз, дарынсыздарға бөлу болмайды. Туристік-өлкетану қызметінің демократиялылығы оған физикалық, зияткерлік және эмоционалдық дамудың әртүрлі деңгейімен мектеп оқушыларының табысты қатысуын болжайды, себебі спорттағы сияқты физикалық және ерікті дайындықта жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуді талап етпейді және мысалы

көркем шығармашылықтағы сияқты тек эмоционалды және зияткерлік дарындылықты болжамайды. Туристік-өлкетану қызметі нысанының әртүрлілігі, оның алмасуы психологиялық шиеленісті алып тастайды және туристік ұжымның барлық мүшелерінің тілдесуін ұйымдастыруға ықпал етеді.

Өлкетану қағидаты туристік қызметте аса маңызды болып табылады. «Менің Отаным – Қазақстан» білім алушылардың республикалық туристік-өлкетану экспедициясының тәжірибесі жасөспірімдермен тәрбие жұмысын жүргізуде өлкетану қағидатын қалай қолданған жөн екенін көрсетеді.

Балалармен өлкетану жұмысының негіздері балабақшаның үлкен топтарында және жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сыныптарында қалыптасады, онда балалар табиғатпен (орманда серуендеу, гербарий жинау және т.б.), тарихпен және туып өскен жерінің мәдениетімен (жергілікті назар ауданарлық жерлермен танысу) таныса бастайды. Туризм және өлкетанудың мәні мектеп бағдарламасына табиғаттану сабағын енгізгеннен бастап айтарлықтай өсуде. Үшінші-бесінші сыныптардағы білім алушылар табиғат көріністерімен танысады, өсімдіктер және жануарлармен болатын мерзімдік өзгерістерді байқайды. Экскурсиялар, жорықтар және серуендеу кезінде табиғатқа көңіл аударылған бақылаулар нәтижелері сабақтарда пайдаланылады.

Туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру үшін кең бос кеңістік қосымша білім беру педагогі алдында ашық. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерделеу білім алушыларға жергілікті флора және фауна туралы түсінік береді, туған өлкесінің палеонтологиялық шежіресімен таныстырады. Қосымша білім беру сабақтарында биологияны білу табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелейді, жергілікті биологиялық ресурстарды бағалауға үйретеді. Жорыққа дайындық кезінде білім алушыларды мектеп жанындағы учаскеде тәжірибелік жұмысқа тарту орынды (көшеттікте, мектеп орман шаруашылығы, фермада және т.б.). Биологияны оқыту кезінде білім алушылардың гербарийлер, топтамалар жасау

дағдыларын қалыптастырған жөн. Дұрыс ұйымдастырылған туристік-өлкетану жорығында жиналған туған табиғатының байлығы туралы материалдар туристік-өлкетану мұражайының қымбат игілігін құрауы мүмкін.

Қосымша білім беру сабақтарында өлкетану материалын (диалектілер, тұрмыс, фольклор, топонимика және т.б.) пайдалану білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді, оларға туған өлкесінің өмірін зейін салып талдауға көмектеседі.

География бойынша қосымша білім беру педагогі жүргізетін туристік-өлкетану жұмысы тиімді. Жорық немесе экскурсия кезінде педогогтің білім алушыларға көрнекі мысалдармен байқалатын физикалық-географиялық көріністерді түсіндіргені, білім алушыларды көзбен шолып және құралдардың көмегімен бақылаулар нәтижелерін жазуға, географиялық түрде бейнелеуге, жинақтауға, жалпылауға үйреткені жөн. Бұл білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді, туған өлкесін зерделеуге қызығушылығын арттырады.

Өлкетану материалдары математикалық және астрономиялық білімдерде қолданылады. Өзеннің ұзындығын өлшей отырып, алыс затқа дейінгі ара-қашықтықты және т.б. айқындай отырып, білім алушылар практикада теориялық білімді бекітеді.

Жорықта балалардың айналасын қоршайтындардың (су, ауа, жер, тастар және т.б.) барлығының физикалық және химиялық ерекшеліктері бар және зерделеу үшін көрнекі құралдар болады. Бұдан басқа, жорық немесе экскурсия кезінде педагогтер білім алушыларды кәсіпорындар тарихымен және олардың даму перспективаларымен, өндіріспен, технологиялармен таныстыруы мүмкін.

Туристік-өлкетану қызметі білім алушылардың шығармашылыққа қызығушылығын арттыруы мүмкін. Оттың жанындағы туристік әндер, көркемөнерге қатысу, тікелей заттың өзіне қарап сурет салу және басқа шығармашылық қызметі білім алушыларды көркемөнер тұрғысынан қалыптастыруға және тәрбиелеуге ықпал етеді, туристік-өлкетану қызметінің беделін арттырады.

Жорықта жиналған және жүйелендірілген өлкетану материалдары (кестелер, диаграммалар, фотосуреттер, кинокадрлар, бейнефильмдер және т.б.) білім алушыларға сабақтарда алған білімдерін бекітуге, ал педагогтің оларды оқыту-тәрбиелеу мақсаттарында пайдалануына көмектеседі.

Туристік-өлкетану қызметі оқытушы болып табылатындықтан, оған білімді, шеберлік пен дағдыларды игеру орнықтылығы қағидаты, сондай-ақ абстрактілі ойлауды дамытумен оқытудың көрнекілігін біріктіру қағидаты сияқты дидактикалық қағидаттар тән.

Туристік-өлкетану қызметіндегі **білімді, шеберлік пен дағдыларды игеру орнықтылығы қағидаты** жорыққа катысушының үш рет бағдардан өтуімен:

1) оған дайындалған және өлкесінің ерекшеліктерін зерделеген кезде;

2) жорыққа шыққан кезде;

3) жорыққа дейін, жорықта және одан кейін жиналған материалды өндеген кезде іске асырылады.

Өлкені зерделеудің осындай қарқынды жүйесінде білімнің орнықтылығы жеткілікті түрде жоғары.

Білімді, шеберлік пен дағдыларды игеру орнықтылығы сондай-ақ кезекшілік міндеттерді (аспазшы, от жанындағы, кезекші командир, кезекші штурман және т.б.) орындауға байланысты жорықтағы үздіксіз жұмысты қамтамасыз етеді, олардың сапасын жолдастары бақылайды және бағалайды.

Абстрактілі ойлауды дамытумен оқытудың көрнекілігін біріктіру қағидатының туристік-өлкетану қызметінде маңызды мәні бар. Қоршаған шындықты көрнекі тану бейнелеу, түсіндіру, фотографиялар бойынша қиын, ал кейде көзге елестету мүмкін емес объектілерді өз көзімен көруге мүмкіндік береді. Көрнекілік объектіні қабылдау тереңдігін айтарлықтай арттырады, бұл балалар мен жасөспірімдер, әсіресе ойлауы заттық ретінде сипатталатын балалар үшін маңызды.

Тәрбиелеу процесінің тұтастығы және педагогикалық әсердің бірлігі қағидаты әсіресе туристік-өлкетану қызметінде жүзеге асырылатын педагогиканың ең маңызды

қағидаттарының бірі болып табылады. Осы қағидатты іске асыру жасөспірімнің зияткерлік, эмоциялық және ерікті саласына бір сәтте әсер етуге, білім беру, тәрбиелік және сауықтыру процестерінің табиғи түйісуін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Өлкетану танымдық қызметтің мәнін мойындамайтын, өздерінің тәрбиеленушілерінің идеялық сенімділігін, оларды адамгершілік жағынан шынықтыруды қалыптастыруға мән бермейтін және туристік техника өзі тұлғаның қалыптасу мәселелерін шешеді деп санай отырып, оған артықшылық беретін кейбір туристік клубтар жұмысының практикасы қате, ал кейде қауіпті болады. Осындай клубтарда (үйірмелерде, секцияларда) жасөспірімдер көбінесе тәртіп бұзады, бұл жорықта бейәлеуметтік әрекеттерге, жарақаттарға, жазатайым жағдайларға әкеп соғады. Көп жағдайда туризм техникасына (тік бөктерден түскен немесе көтерілген кезде жіпті пайдалану, отты жағу дағдыларына) үйренген жасөспірімдер құрдастарына немесе өздерінен кіші білім алушыларға осыны мүлдем істеуге болмайтын жерлерде жеткілікті сақтандырусыз өз шеберліктерін көрсетеді: балконнан жіппен түседі, құрылыс алаңында от жағады, үлкендерсіз уақытты қызықсыз өткізетін жорыққа кетеді. Кіші жастағы білім алушыларға туризмнің «тақыр» техникасын бере отырып, педагог оның (шеберліктерін) тек қана туристік жорық жағдайларында үлкендердің қатысуымен қолдануға болатынын түсіндіруі тиіс. Педагогтің оның тәрбиеленушілерінің адамгершілік жағынан қалыптасуы физикалық даму, сол сияқты техникалық шеберліктер мен дағдыларды игеруден озық болуы тиіс екендігін есіне сақтағаны жөн. Мұнсыз жасөспірімнің дамуында оның мінезінің теріс жақтарын қалыптастыруға ықпал ететін «ауытқу» болуы мүмкін.

Педагогтер, ата-аналар, жұртшылық өкілдері тарапынан көзқарастар, талаптар мен іс-қимылдар тұтастығы қағидаты жасөспірімдерді туристік қызметте табысты тәрбиелеудің маңызды шарты болып табылады. Бұл шарт тәрбиелеу қағидаттарын сақтаумен, әртүрлі қызметтерде, оның ішінде туристік-өлкетану қызметінде педагогика және

психология қолданатын нысандар мен әдістерді пайдалана отырып, қамтамасыз етіледі. Педагогтер, ата-аналар, жұртшылық өкілдері тарапынан көзқарастар, талаптар мен іс-қимылдар тұтастығы қағидатын іске асыру әсіресе ата-аналары экскурсияда, туристік серуендерде, жорықта бірге жүретін бастауыш сынып оқушыларына маңызды. Тәрбие сипатындағы бірлескен іс-шараларды ұйымдастырудың озық педагогикалық тәжірибесі тек қана білім алушылардың ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың жоғары белсенділігін көрсетеді. Аялдауда ойын (конкурс, викторина) өткізуге тапсырма алған ата-аналар педагогпен бірге педагогикалық процеске қатысады, бірақ ата-аналар жиналысындағы сияқты тәрбиелеу ықпалының объектісі болып табылмайды. Көптеген қосымша білім беру ұйымдарында ата-аналар орталықтың жұмысына қатыспайды, олардың өздерінің балаларымен бір топта оқитын балаларды білмейтіні және оларды жорықта немесе іс-шараларда бірінші рет көретіні құпия емес. Қосымша білім берудің туристік-өлкетану қызметі ата-аналарды тәрбиелеу процесіне белсенді кіргізуге мүмкіндік береді.

Жорыққа қатысу үшін туристік жарақтармен, жабдықпен көмек көрсете алатын, қамқорлық жасайтын кәсіпорындардың педагогикалық отрядтарын тарту орынды. Туризмнің облыстық және аудандық орталықтарында ата-аналар жорықтарын ұйымдастыруға болады. Күзде немесе көктемде жылы күндері туристік-өлкетану үйірмелерінің мүшелері ата-аналарды туған өлкесі бойынша бірлескен жорыққа шақыра алады. Білім алушылар үлкендерді өлкенің назар аударарлық орындарымен, тарихымен, мәдениетімен, табиғатымен және экономикасымен таныстырады, ата-аналарға, педагогтерге тамақ береді. Жорыққа қатысу ата-аналарға жасөспірімдер алған туристік-өлкетану білімдері мен шеберліктерін көруге, өздерінің балалары туралы неғұрлым терең білуге көмектеседі.

Туристік-өлкетану және экскурсиялық қызмет педагогтің білім алушылармен тығыз байланысын (кейде 70-80 күн ішінде) жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл педагогтің білім алушыларға әсерін арттырады, олардың мінезінің теріс жақтарын түзетуге мүмкіндік береді, оның тәрбиеленушілерін

оқытатын әріптестерімен, ата-аналармен ынтамақтастыққа міндеттейді. Бұл байланысты педагогтің қақтығыс жағдайы туындаған кезде емес, үйірме (секция) жұмысының басында ұйымдастырғаны жөн. Туристік-өлкетану үйірмесі жетекшісінің, педагогтердің, ата-аналардың және жұртшылық өкілдерінің – білім алушылармен белсенді тілдесетін барлықтарының бірлескен іс-қимылдар бағдарламасы ғана жас өлкетанушы туриске педагогикалық әсерді табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыруда жасөспірімдер жастарының ерекшеліктерін ескеру қажет. Осылайша, ерте даму үйірмелерінде айналысатын мектепке дейінгі оқушылардың қызметтің ойын нысандарына және атап айтқанда рөлдік ойындарға олардың ықыластылығын ескеру қажет. Мысалы, «білімпаз» атағын енгізуді мектепке дейінгі оқушылар жақсы қабылдайды. Осындай тәсіл қоғамдық қатынастардың кең тобына кіруге ұмтылатын кіші жасөспірімдермен туристік жұмыста қолданылады.

10 жасқа қарай баланың өзін-өзі бағалау дағдарысы пайда болады – оған өзін-өзі таныту қажет. Жорықта қолданылатын туристік-өлкетану лауазымдары осы проблеманы шешуге мүмкіндік береді.

10 жастан бастап 15 жасқа дейін жасөспірімнің қоғамдық мойындауға деген қажеттігі күшейеді.

15 жаста ол заттық-практикалық қызметке қайта бағдарланады.

15-17 жаста жасөспірімнің абстрактілі және логикалық ойлауының дамуы басталады. Осы кезеңде жасөспірім өлкетану-ізвестіру қызметін қызығушылықпен игеруі мүмкін. Әлеуметтік жоспарда ол өзін-өзі таныту және өмірлік жолын іздеу процесі басталатын субъект-объект қатынастарында болады. Бұл мақсаттарда қоршаған ортаны туристік-өлкетану қызметінің құралдарымен игеру аса маңызды.

Осылайша, білім алушылардың туристік-өлкетану және экскурсиялық қызметін, олардың өзіндік ұйғарылуында педагогика және психологияның жоғарыда аталған қағидаттарының барлығы реттейді деп айтуға жеткілікті

негіздер бар. Білім алушылардың туристік-өлкетану қызметінде психологиялық-педагогикалық қағидаттарды іске асыру тиімділігінің елеулі шарты оларды балалар туризмінің негізгі бағыттары, заңдары, қағидалары және дәстүрлерімен күшейту болып табылады. Туристік-өлкетану және экскурсиялық қызмет арсеналына педагогика және психология қағидаттарын белсенді түрде қоспай, жас өлкетанушы туристің үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыруда табысқа қол жеткізу мүмкін емес.

Туристік-өлкетану қозғалысы қызметін ұйымдастырудың нысандары

Туристік-өлкетану қызметі әртүрлі *нысандар мен әдістердің* көмегімен жүзеге асырылады. Қызметтің үздік нысаны тең құқықтармен сауықтыру-спорттық, танымдық және тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыратын қызмет болып табылады. Туристік-өлкетану қызметін ұйымдастырудың негізгі *нысандары* серуендер, экскурсиялар, жорықтар, саяхаттар мен экспедициялар, слеттер, жарыстар, жиындар, кештер және т.б. болып табылады. Туристік лагерь (стационарлық немесе жылжымалы), оқу-жаттығу жиыны, тренингтер және т.б. сияқты нысандарда туристік-өлкетану жұмысы айтарлықтай сирек жүргізіледі.

Қызметтің түрлі нысандары туристік-өлкетану қызметінің өсіп келе жатқан ұрпақты оқытуда, тәрбиелеуде және сауықтырудағы кешенді сипатын қамтамасыз етеді. Оның негізінде білім алушылардың спорттық, ғылыми, көркемдік, техникалық және т.б. шығармашылық қабілеттерін ашу үшін кең мүмкіндіктер жатыр.

Туристік саяхаттар серуендер, экскурсиялар, экспедициялар, жорықтар сияқты әртүрлі ұйымдастыру нысандарында туристік топтар қалыптастыру арқылы жүргізіледі.

Серуен – туристік-өлкетану жұмысының ең қарапайым түрі. Серуендер орманға, өзенге, тауларға және т.б. ұйымдастырылады. Олар көп шығысты және арнайы туристік жарақтануды қажет етпейді. Серуендер көбінесе төменгі сынып оқушыларымен өткізіледі.

Экскурсия – бұл білім беру, оқу-тәрбиелеу, ғылыми немесе ойын-сауық мақсатында әйгілі орандарға ұжыммен бару. Экскурсиялар орташа есеппен бір тәулікке дейін созылады. Олар; табиғат, шаруашылық қызмет саласы, мәдени қызмет саласы деген нақты үш типке бөлінеді.

Оқу (бағдарламалық) экскурсиялар – бұл білім алушылардың сабақ үстінде қарастырылатын теориялық ережелерін бекітетін нақты объектілермен, әдеттегі құбылыстармен және процестермен танысуы үшін қоршаған әлемге бағдарламамен жоспарланған қысқа мерзімді уақытқа шығуы.

Бағдарламадан тыс өлкетану экскурсиялары – білім алушылар тобының өз өлкесін зерделеу мақсатында ұйымдастырылған түрде шығуы немесе іссапары.

Жалпы білім беру экскурсиялары – бұл дербес топтың экскурсия жүргізушісінің жетекшілігімен, экскурсияшылардың ой-өрісін кеңейту және жалпы мәдени деңгейін көтеру мақсатында мәдениет, табиғат немесе шаруашылық объектілеріне шығуы немесе іссапары.

Жорықтар – бұл білім алушылардың немесе жасы үлкен туристердің ұйымдасқан тобының жүріп өту уақытында табиғи кедергілерге: қиындықтардың түрлі санаттары мен дәрежелері - асуларды, табалдырықтарды, үңгірлерді және т.с.с. игеруі мүмкін болатын, белгілі бір бағдар бойынша белсенді жылжу нысандарын пайдалану арқылы саяхаты. Туристік жорық, әдетте, бірнеше мақсатты көздейді, ондағы басты мақсат туристік бағдарға, саяхаттың ұзақтығына, бір орыннан екінші орынға жылжу тәсіліне, уақытша тұру типіне және басқа жағдайларға негіз болады. Өз кезегінде саяхаттың мақсаты мен шарттары материалдық мүмкіндіктермен, денсаулық жағдайымен, жас ерекшелігімен және мәдени деңгейімен, сондай-ақ топтың материалдық-техникалық қорымен айқындалады.

Жорықта қиындықтарды жеңу біліктілігі ашылады, балалар ұжымдылыққа және өзара көмектесуге үйренеді, олардың тәртіптілігі мен табандылығы арта түседі. Жорық онда білім алушылар көбіне мектептегіге қарағанда мүлдем басқа жағынан ашылатын болғандықтан өте бағалы. Жорық баланың

табиғатын терең түсінуге, қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Туристік жорықтың экскурсиядан негізгі айырмашылығы туристік жорықта алдын ала құрастырылған жоспар бойынша бағдарда кездесетін әртүрлі объектілерді, құбылыстар мен процестерді бақылау жүргізілетіндігі, ал экскурсияның әлеуметтік бағдарлама бойынша дәл іріктелген объектілерді меңгеруді көздейтіндігі болып табылады.

Экспедиция – бұл техникалық жылжу құралдарымен немесе оларсыз туған өлкенің тарихын, қоршаған ортаның, әлеуметтік өмірдің құбылыстарын, өркениетті зерделеу, географиялық, этнографиялық, тарихи объектілерді зерттеу мақсатында білім алушылармен өткізілетін саяхат. Экспедиция жұмысының мақсаты мен бағытына қарай өлкетанушылық, ғылыми т.с.с. болуы мүмкін.

Экспедициялар жорықтардан барынша кешенді оқу-тәрбиелеу міндеттерімен, сондай-ақ ұзақтығымен ерекшеленеді. Өлкетану жұмысының жүйесіндегі экспедициялар жорықтар мен саяхаттар түріндегі экскурсияларға қарағанда күрделірек болып келеді. Сондықтан экспедицияға балалардан тек өндірістік-экскурсиялық сабақтардан тәжірибесі бар және зерттеулерге жоғары қызығушылық танытатын үлкен жасөспірімдер ғана қатысады. Экспедиция білім алушыларға даладағы жағдайларда зерттеу жұмыстарының қарапайым тәсілдерін меңгеруге, бастамашылығы мен дербестігін дамытуға мүмкіндік береді.

Экспедициялар өткізу уақытында табиғи кедергілерді (асулар, табалдырықтар, үңгірлер және т.б.) жеңу қажет болады. Туристік-спорттық жорықтардағы талаптарға сәйкес келетін экспедиция бағдарларының бөліктері жылжудың белсенді тәсілдермен жылжу бағдарлары ретінде қарастырылады. Мұндай бағдарлар үшін күрделілік дәрежесі туристік-спорттық жорықтардың күрделілігі сияқты белгіленеді.

Балалар өлкетану экспедициясының тақырыбы әртүрлі және, ең бастысы, жергілікті ғылыми және шаруашылық

мекемелердің өлкетану сипатындағы материалдарға деген қажеттілігіне, мектептің ұйымдармен байланысына, педагог пен білім алушының ғылыми даярлығының деңгейіне байланысты. Дұрыс қойылған өлкетанушылық-экспедициялық іс жас зерттеушілерге орындалған жұмыстың қоғамдық маңыздылығы мен пайдалылығынан рахат береді. Мұны түйсіну тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімін арттырады, белсенділікті, бастамашылық пен дербестікті дамытады, тәртіпті нығайтады. [12]

Туристік-өлкетану қызметінің ұйымдастырушылық нысандары

Дербес туристік ұйым қызметінің негізгі түрлері:

- туристік жорықтарға, экспедицияларға, саяхаттарға, туризмнің әртүрлі түрлері бойынша экскурсияларға дайындалу және өткізу;
- секциялар, топтар, үйірмелердегі спорттық туризм бойынша оқу-жаттығу жұмысы;
- қоғамдық туристік кадрларды, спорттық туризм бойынша разрядты спортшыларды даярлау, біліктіліктерін арттыру және аттестаттау;
- спорттық туризмнің әртүрлі түрлері бойынша спорттық туристік жарыстар мен слеттер дайындап, өткізу;
- туристік-спорттық, сауықтыру лагерьлері мен базаларының жұмысын ұйымдастыру;
- көрмелер, жәрмеңкелер, көпшіліктің алдында сөйлеу, әдебиеттер тарату арқылы туған өлкенің туристік-өлкетанушылық және туристік-спорттық мүмкіндіктерін дамыту және насихаттау;
- туризмді дамыту бойынша ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік және консультациялық іс-шараларды өткізу;
- туризмде апаттылықтың, жарақаттанушылықтың және қайғылы оқиғалардың алдын алу және болдырмау жөніндегі жұмыс;
- тұрғындардың түрлі әлеуметтік және жас ерекшелік топтарын спорттық туризмге көптеп тарту және белсенді айналысуға шақыру іс-шараларын жүзеге асыру, туризм

құралдары арқылы азаматтардың мазмұнды демалысын ұйымдастыру;

- жергілікті (өңірлік) мекемелерде ұйымдарда, кәсіпорындарда бастапқы туристік-спорттық ұжымдар, туристік-өлкетану секциялары мен үйірмелерін құру болып табылады.

Туристік-өлкетану жұмысының нысандары стационарлық және туристік, көпшілік, топтық және жеке деп бөлінеді.

Туристік нысандар – бұл елді мекен сыртына шығумен байланысты қала сыртындағы жаттығулар, экскурсиялар, біркүндік және көпкүндік жорықтар, түрлі көлік құралдарымен саяхаттау, экспедициялар, туристік слеттер (мектептік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық);

Стационарлық нысандар – бұл физикалық, оқу-әдістемелік, техникалық, географиялық және басқа қажетті дайындық, географиялық алаңдағы жұмыс, фенологиялық бақылау, танымал жерлестермен кездесу, ел бойынша қиялдау саяхаттары, өлкетану олимпиадалары, конференциялар, лекторийлер, мектептік өлкетану эстафеталары, конкурстар, көрмелер, викториалар, өлкетану журналының шығарылымы, радиогазеттер мен қабырға газеттері, өлкетану әдебиетін жазғызып алу және алмасу, альманахтар шығару және мектеп жағдайында, елді мекен көшелерінде өткізілетін басқа да іс-шаралар;

Жұмыстың көпшілік нысандарында жұмыстар қатысушылардың үлкен құрамымен өткізіледі: олимпиадалар, КВН, тақырыптық кештер, ғылыми-практикалық конференциялар, жарыссөздер, ойын қызметі, қызықты адамдармен кездесулер, «география жексенбілігі» және т.б.;

Топтық нысандар 30-35 адамға дейінгі топтарды қамтиды: үйірмелер, секциялар, факультативтер, экскурсиялар, экспедициялар, жорықтар, туристік-өлкетану мұражайларын, бұрыштар мен көрмелерді және т.б. безендірушілер мен сақтаушылар;

Дербес жұмыс нысандары нақты бір адамдарға есептелген және ол төмендегісімен топтық жұмыстан ерекшеленеді:

біріншіден, атқарушылық сипатындағы жұмыс (баяндама дайындау, құралдар немесе саймандар дайындау, альбомдар, жиынтықтар, гербарийлер құрастыру және т.б.);

екіншіден, жеке жұмыс көбінесе шығармашылық, зерттеушілік сипатта болады.

Барлық жұмыс нысандарын төрт топқа бөлуге болады:

а) теориялық жұмыс (үйірмелерге, конференцияларға қатысу);

б) өлкетану қызметі (экскурсиялар, жорықтар, экспедициялар);

в) шығармашылық дербестік (мәдени-көпшілік іс-шаралар және ойын қызметі);

г) қоғамдық пайдалы жұмыс (кабинетті немесе алаңды, көрмелер мен мұражайларды жабдықтау, табиғат қорғау іс-шараларын және т.с.с. өткізу).

Эстафета – бұл балалар туризмінің белгілі бір ауданды немесе тұтас елді белгілі бір бағдар бөліктерінде бірін бірі алмастыратын бір емес, бірнеше топпен зерделеуді көздейтін нысаны. Өз бөлігін жүріп өтіп және ондағы алға қойылған міндеттерді орындағаннан кейін туристік топ эстафетаны келесі топқа береді және т.б. Аудандық немесе облыстық туристік слетте эстафетаның барлық материалдары жалпыланады және қорытынды шығарылады.

Туристік слет – туризмді қолдау үшін қолданылатын сыныптан тыс жұмыс нысаны. Ол балаларға модельденетін экстремалды жағдайда өз күштері мен мүмкіндіктерін сынап көруге мүмкіндік береді және мына міндеттерді көздейді:

жаяу туризм, туристік көпжарыс, жарға өрмелеу және бағыт алу дағдыларына үйрету;

дене белсенділігін дамыту және сауықтыру үшін жағдайлар жасау;

балалардың бойында жолдастық және өзара көмек беру сезімін дамыту;

қоршаған табиғатпен үйесімді (экологиялық) қатынас дағдыларын сіндіру;

балалардың креативтік және коммуникативтік қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту;

балалардың ұйымдасқан демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Бүгінгі күні туристік слеттер мен жарыстар саяхатты сүюшілер үшін нағыз мерекеге айналды. Олар көпшілік сипат ала бастады. Көпшілік туристік-өлкетану жұмысының негізгі және барынша қолжетімді нысандарының бірі бола отырып, туристік слеттер атқарылған жұмыстың белгілі бір кезеңдерін өз бетінше байқау және басталатын маусымда туристік-өлкетану жұмысына дайындықты тексеру болып табылады. Олар жаңа туристік секциялардың ашылуына және бөлек-бөлек туристік топтар мен жекелеген туристерді бір біріккен әрі күшті ұжымға біріктіруге ықпал ететіндігімен бағалы.

Слеттердің мақсаты тәжірибе алмасу және туристік-өлкетану жұмысының қорытындыларын шығару. Олар да туристік көпжарыс немесе спорттық бағыт бойынша жарыстарды, көркемөнерпаздықты көздейді.

Экспедицияларда, жорықтар мен экспедицияларда «Жас географ-өлкетанушының энциклопедиялық сөздігі» авторлары әзірлеген мына өлкетану *әдістерімен* өлкетанушылық материалдар жинақталады:

- *әдеби әдіс* – баспа көздері бойынша осы аумақ туралы қолда бар мәліметтерді зерделеу. Ғылыми және ғылыми-танымал әдебиет туған өлкенің даму тарихы мен ерекшеліктері туралы бұрыннан жинақталған білімдермен таныстырады;

- *дала зерттеулері* – табиғи жағдайларды зерделеуде барынша көп тараған әдіс. Әртүрлі құралдарды, аспаптарды қолданумен стационарлық және экспедициялық жағдайларда жүргізіледі;

- *картографиялық әдіс* – меңгерілетін аумақтың табиғаты мен шаруашылығындағы заңдылықтарды белгілеу үшін картаны пайдалануды көздейді; Жергілікті жерлерді көз мөлшерімен түсіру және карта құрастыру – зерттеудің маңызды бөлігі;

- *статистикалық әдіс* – әртүрлі сандық көрсеткіштер арнайы іріктеліп, топтастырылып, өңделген кезде табиғатты, тұрғындарды, шаруашылықты, экономикалық байланыстарды зерделеуде қолданылады. Әртүрлі есептеулердің нәтижесінде

табиғат пен халық шаруашылығының даму үрдісі мен жағдайы туралы тиісті қорытындылар жасалады;

- *зерделенетін құбылыстар мен объектілерді тікелей бақылау* – зерттеудің сипаттамалық бөлігін қамтамасыз етеді, бірақ олар басқа әдістермен толықтырылмаса сапалы болмайды;

- *жергілікті тұрғындардан сауалнама алу* – алдын ала әзірленген сұрақтар жүйесі бойынша әңгімелесу кезінде жүргізіледі. Жергілікті ежелгі тұрғындармен және өлкетанушылармен әңгімелер тарихи және тұрмыстық фактілерді белгілеуге, бұрыннан белгілі мәліметтерді нақтылауға көмектеседі. Мұндай әңгімелер өлкені зерттеуге шынымен көмектесуі үшін оларға жақсылап дайындалу қажет, алдын ала жоспар құру қажет, әңгімелерді түсініксіз сұрақтарға нақты жауап табуға тырыса отырып, мақсатқа сай жүргізу керек. Ол үшін өлкетанушы-білім алушы фактілер мен оқиғаларды нақтылай отырып, әдеби көздер бойынша проблемалардың мәнін жақсы меңгерген болуы тиіс. Көп нәрсе білетін адамнан сұрақ-жауап ала білуге байланысты. Мұндай дағдылар біртіндеп қалыптасады.

- *құжаттамалау* – фото- және кинотүсірілімнің көмегімен жүзеге асырылады. Мақсаты зерттелетін объектіні дәл түсіру, одан кейін оны осы құжаттар бойынша зерделеу болып табылатын әдіс, тарихи, географиялық және кез келген басқа зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Педагог білім алушыларды өлкетану жұмысындағы осы әдістерді пайдалануға үйретуі тиіс, білім алушылардың бойында осы әдістерді пайдалана білуін қалыптастыруды үнемі қадағалап отыруы тиіс.

Өлкетану арқылы тәрбиелеу – бұл көпқырлы әрі күрделі педагогикалық процесс. Отансүйгіштіктің рухани негіздерін тәрбиелеуде педагог маңызды әдіснамалық талапты – білім алушыларға көмектесетін, жұмыстағы кешенділікті әрдайым есте сақтауы тиіс:

байқампаздықты, ойлауды, ғылыми құмарлықты дамыту;
жеке тұлғаның интеллектісі мен мәдени деңгейін арттыру;
ой-өрісін, эрудициясын кеңейту;

шығармашылық қызметке тарту;
өз бетінше өмір сүруге және еңбектенуге психологиялық
тұрғыдан дайындау;

адамгершілігін арттыру;

баланың бойында туған өлкеге деген махаббатты, ал ол
арқылы – отанға деген махаббатты тәрбиелеу.

Туристік-өлкетану қызметі білім алушыға кешенді әсер
ете отырып, оның жеке тұлғасын қалыптастыруда ерекше орын
алады. Ол білім алушылар үшін айқын, түсінікті, білім
алушылардың нағыз табиғи, әлеуметтік көріністеріне жауап
береді. Бұл ерікті түрде таңдалып алынатын қызмет, білім
алушыны объектінің, сол сияқты субъектінің жаңа белсенді
позициясына қояды, бұл оған жеке өмірлік тәжірибесін, жеке
мүдделері мен талаптарын пайдалана отырып, (зияткерлік,
эмоционалдық, тәндік және т.б.) әр қырынан ашылуға
мүмкіндік береді.

Туристік-өлкетану қызметі – жеке мақсат емес, жеке
тұлғаны, оның барлық жеке қасиеттерін, оның ішінде
отансүйгіштік қасиеттерін дамытудың тиімді құралы.
Осылайша, өлкетану мен туризмнің арасында толық
практикалық байланыс пен мақсаттар бірлігі бар, ол болған
жерде жергілікті жағдайларда туристер өлкетанушыларға, ал
өлкетанушылар туристерге айналады.

«Менің Отаным - Қазақстан» республика оқушыларының туристік-өлкетану қозғалысы қызметінің негізгі бағыттары

Туристік-өлкетану қызметі жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуына бағытталған балаларға қосымша білім берудегі тәрбиелік жұмыстың бірнеше түрдегі формаларында ерекше орын алады.

Тәжірибеде көрсетілгендей мұнда тәрбиенің барлық негізгі қағидалары сәтті жүзеге асырылады. Туристік-өлкетану қызметі біржақтылық пен қателіктерге жол бермей, баланы жеке тұлға ретінде дамыту және тәрбиелеуде кешенді, тұтастылық көзқарасты жүзеге асырады, соның ішінде дарынды балаларды анықтауға жағдай жасайды.

Туризм және өлкетану өз Отанына деген сүйіспеншілікті, барлығына яғни ата-бабаларынан мұра болып қалған салт дәстүрлер, мәдени ескерткіштер мен әдет-ғұрыптар, табиғи байлықтар т.б. ұқыпты қарауға деген қарым-қатынасты қалыптастырады.

«Менің Отаным- Қазақстан» туристік-өлкетану республика оқушыларының туристік-өлкетану қозғалысы ретінде қосымша білім берудің ажырамас бөлігі болып табылатын аудандық, облыстық, республикалық байқауларды, конференцияларды, слетті, зерттеу жұмыстарының экспедициясын өткізуге болады. «Менің Отаным- Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясы мынадай мақсатта өткізіледі:

- Туризм және өлкетану тәсілдері арқылы жастарды қазақстандық отансүйгіштікке, азаматтылыққа тәрбиелеу, жоғары этикалық құндылыққа бай рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру;
- Мемлекеттік рәміздерді сыйлау тәрбиелеу: әнұран, ту, республика еңтаңбасы;
- Туған өлкенің тарихын, экономикасын, мәдени мұраларын, халықтық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары және өнерін зерттеу;
- Қазақстанның ұлы тұлғаларының өмір мен қызметін зерттеу;

- Туризмді дамыту;
- Бос уақытын, демалысын ұйымдастыру, білім алушылардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Зерттеушілік қызметке және кәсіби бағдарға, еңбек, қоғам, ізденушілік дағдыларына баулу;
- Білім алушыларды экологиялық тәрбиелуді жүзеге асыру.

Экспедицияға жалпы орта білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары, туристік-өлкетану жұмысына қызығушылық танытқан экспедициялық жасақтар қатыса алады.

Экспедициялық жасақ - бұл қоғамға пайдалы тапсырмаларды орындаушы 8 адамна құралған білім алушылардың тобы.

Экспедицияның мазмұны.

«Менің Отаным- Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясының қатысушылары төменгі бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

1. Тарих түкпірінде

Туған өлкесі бойынша жорықта және экскурсияларда қатыса отырып білім алушылар Қазақстан Республикасының құрылуы мен даму тарихын, оның тарихи- архитектуралық ескерткіштерінің, ежелгі қалаларының пайда болуы мен дамуы, сауда-керуендерінің жолының, қолөнер кәсібінің, ауылшаруашылығы өнеркәсібінің, қазақ жерінің мәдениетін зерттейді, көрші мемлекеттермен және олардың халықтарымен (орыстармен, кытайлармен, монғолдармен, жоңғарлармен) байланыстары туралы мәліметтерді жинайды және тіркейді. «Ұлы Жібек жолы» туралы зерттеулер мен экспедициялар жүргізеді. Отбасылық шыққан тегі туралы шежіре жасайды.

2. Қазақстан экономикасы

Бұл бағыттағы жұмысқа қатыса отырып, еңбек зауыттардың, фабрикалардың, кеңшарлардың,

ұжымшарлардың, кіші жалға алынған және коммерциялық кәсіпорындарының, мектептердің, лицейлердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының еңбек ұжымы шежіресін құрастыру, еңбек адамдарының өмірі мен қызметін зерттеу, ауылшарушылық өнімдерінің маңызды саласы, қазақтың ежелгі кәсібі мал шаруашылығымен, республикада орналасқан басқа халықтың қолөнерімен танысады, маркетинг, менеджмент және т.б. шаруашылық-коммерциялық қызметтің жаңа түрлерін меңгеру; қоғамдық пайдалы еңбекке қатысады.

3. Сөнбес жұлдыздар

Өлкетанушылар ұлы ойшылдардың, философтардың, көрнекті қоғам қайраткерлерінің өмірі, басқа жердің басқыншыларына тойтартыс берудегі ержүрек батырлардың ерлігі туралы зерттейді; Ұлы Отан Соғысы туралы құжаттарды іздеп, жинайды; еңбек ерлері мен соғыс ардагерлеріне қайырымдылық көрсету және ескерткіштерді, қабірлерді сақтау, «Қызыл кітап» құруына қатысу.

4. Табиғат және экология

Жорықта және экспедицияда білім алушылардың экспедициялық жасақтары табиғатпен, табиғатты қорғау жұмыстарымен танысады, бұлақтарды, кішкентай өзендерді, ормандарды, шалғындарды және т.б. табиғат нысандарын өз қарамағына қорғауға алады; ұлттық салт дәстүрлермен танысады- бүркітшілер, құстарды аулаушылар; экологиялық қозғалыстарға белсенді қатысады, пайдалы қазбалар іздеу жұмыстарын жүргізеді.

5. Халықтың салт дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және өнері.

Туған өлкенің мәдениетімен, әдебиетімен, өнерімен, халқының шығармашылығымен таныса отырып, білім алушылар экспедицияда тарихи, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерттеу мен қорғау жұмыстарына белсенді қатысады; бай мұра ауызекі халық шығармашылығын, республикада тұрып жатқан халықтардың

дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, меңгереді; мұражайларды ашады; тұрмыстық заттарды жасайды, киімдер тігеді, ұлттық тағамдарды дайындайды; Қызықты адамдармен- әдебиет, музыка, театр, кино және сурет өнері қайраткерлерімен кездесу ұйымдастырады.

6. Туризм- спорт, денсаулық, демалыс.

Жас туристер саяхаттарға, экспедицияларға, категориялық жорықтарға қатыса отырып туристік жұмыс дағдыларын жинақтайды, нұсқаушы әрі туризм бойынша төреші бола алады, жалпы орта білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарында туристік слеттерді, сайыстарды, жорықтарды ұйымдастыруға көмектеседі, спорттық шеберлікті жетілдіреді, тұрғылықты орны бойынша, ауыл, қала, ауданда бұқаралық туризмді дамытуға жағдай жасайды; салауатты өмір салтын насихаттайды.

Экспедицияның ұйымдастырушылық-әдістемелік, консультация орталығы Жас туристр станциясы болып табылады.

«Менің Отаным-Қазақстан» экспедициясы жұмысының нәтижесі аудандық, қалалық, облыстық және республикалық жас туристер слетімен есептеледі.

Қорытынды

Қазіргі уақытта қоғамда туризм көптеген әртүрлі әлеуметтік қызметтерді атқарады. Алайда, олардың әр қайсысы ең басты субъект - адамның күш жігерімен жүзеге асырылады.

Адамды мейлінше ерте жасынан бастап туристік қызметке тарту бұл ең түбегейлі кезең болып саналады.

Мемлекеттің туристік саласын дамыту бойынша қойылған міндетінің аясында ішкі туризмнің басым дамуын ескере отырып, өскелең ұрпақты туризмнің белсенді түрлерін дамыту ең негізгі бағыт болып табылады.

Балалар және жасөспірімдер туризмі тұлғаны тәрбиелеудің өте ерекше үлгісі, ерекше әсерлі сауықтыру технологияларының бірі және кең көлемді, қолжетімді спорттың түрі, адамның салауатты өмір салтын қалыптастыруға сондай ақ ерте әлеуметтік бейімделу, кәсіби бағдарлауын қалыптастырушы, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мемлекеттік маңызы бар, азаматтылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады.

«Менің Отаным Қазақстан» республика оқушыларының туристік-өлкетану қозғалысын ұйымдастыру жастардың азаматтық және қазақстандық отансүйгіштік негізін қалауға, Отанға деген сүйіспеншілігін, білім алушы жастардың денсаулығын шынықтыруға, бос уақытын және демалысын дұрыс ұйымдастыруды қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, жалпы адамзаттық және ұлттық негізінде білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын, жаһандық этикалық туризм кодексі - саяхатты ұйымдастыру арқылы ішкі туризм мүмкіндіктерін қолдануға жағдай жасайды.

Туристік-өлкетану және экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру мен өткізуде міндеттерді тағайындау

Топ жетекшісі

- туристік-өлкетану және экскурсиялық жұмысты бақылау мен басқаруды жүзеге асырады;
- Серуен жетекшісінің орынбасарын тағайындайды және онымен бірге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізеді, жүргізген нұсқауды
 - Серуеннің материалдық қамтамасыз етілуін қадағалау (инвентарь, құрал жабдық, азық түлік);
 - Топты саяхатқа керекті құжаттармен қамтамасыз етеді (жол бағдар парағы, экспедициялық куәлік);
 - Жол бағдарды өту кезінде топтық мерзімнің сақталуын бақылайды;
 - Серуен қатысушыларының сапар шығуын және қайтарда кездесуін ұйымдастыру.

Нұсқаушы

- туристік мен өлкетану үйірме жетекшілерімен бірге туристік-өлкетану мен экскурсиялық жұмыстың жоспарын, серуеннің кестесін құрастырады;
- туристік техникасы бойынша кедергілі алқапта, полигон және жаттығуларға арналған алаңдарда сабақтар өткізеді;
 - жасақтарды экскурсия және серуенге дайындайды;
 - экскурсия және серуендерді ұйымдастырып өткізеді.

Міндетті:

- «Менің Отаным-Қазақстан» туристік-өлкетану қозғалысы туралы және балалар туризмі бойынша нормативті құқықтық құжаттарды білуі тиіс;
- бір және екі күндік, көп күндік жорықтарды ұйымдастырып, жорықтың міндетін анықтап, жол бағдарын дайындап, жорықтың кестесін құру, жорық кезінде жасақтардың міндеттерін бөліп беруі керек;

- жорықта балаларға қойылған жүктеме мөлшерін білу және олардың қатаң сақтау;
- жеке және топтық құрал жабдықтардың тізімін білу керек;
- жергілікті жерді бағдарлай алуы, жолдарды есте сақтау, топографиялық картаны оқи алу, ара қашықтықты көзбен шамалап анықтау жүргізе алуы тиіс;
- демалу мен қонатын жерді таңдау, оны жабдықтау, от жағу, шатырды қою, алауда тамақ дайындау;
- жорықта қауіпсіздік шарасын білуі, алғашқы медициналық көмек көрсете алуы тиіс.

Медициналық қызметкер

- Жорық қатысушыларды медициналық тексерістен өткізеді;
- Жорық қобдишасымен қамтамасыз етеді;
- Жорық қатысушылар ішінен санитарларды дайындауды жүргізеді;
- Алғашқы дәрілік көмек көрсету бойынша жорық қатысушыларына нұсқау жүргізеді.
- Туристік топтардың азық түлік сапалығына тексеріс жүргізеді;
- Ауқымды туристік іс- шаралар кезінде медициналық қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді.

Туристік-өлкетану және экскурсиялық жұмыс бойынша керекті құжаттар тізімі:

- Экскурсия және жорықтың өткізу кестесі;
- Туристік сайыстар, басқа да ауқымды іс шаралар туралы ережелер;
- Туристік сайыстың хаттамасы;
- Экскурсия және жорықтардың өткізгенін айқындайтын жол бағдар парақтары;
- Қауіпсіздік техникасы бойынша жүргізілген нұсқау журналы және бұйрық кітабы.

Туристік-өлкетану жұмысының түрлері:

- секция және туристік үйірмелерінің жұмысы (арнайы бағдарлама бойынша);
- серуен, бір күндік экскурсиялар;
- өзіндік экскурсиялар;
- туристік мейрамдар; ойындар, сайыстар, слеттер;
- өлкетанулық акциялар (табиғатты қорғау, танымдық, ұйымдардың тапсырмасы бойынша және т.б.);
- өлкетану мұражайына, көрмеге қатысу;

Тәрбиелік міндеттерге байланысты лагерь әкімшілігінің алдына туристік-өлкетану іс шараларын өткізуді жоспарлау кезінде келесі сұрақтарды ойластыру керек:

- жалаушаларды, арнайы төсбелгілерді, мадақтама қағаздарды, жүлделерді, спорттық карталарды дайындау мен сатып алуда қаржыландыру;
- басқа мекемелерде, далада, лагердің территориясын тыс жерде тамақтануды ұйымдастыру,
- жорыққа аттанушы топтар және жасақтарды медициналық қобдишамен қамтамасыз ету, топ жетекшілерін алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге дайындау;
- жорық кезінде балаларды суға түсіруді ұйымдастыру;
- лагерь территориясынан тыс жерде қауіпті жағдайлардың алдын алу шаралары және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету сұрақтары бойынша кеңестер (СЭС, милиция, өрт сөндіруші, орманшылық және т.б. ұйымдар).

Туризм және өлкетану тәсілдеме арқылы тәрбиелік қоғамдық пайдалы тәрбиелік жұмысты өткзуде әдістемелік бақылауды жүзеге асыруды лагерь әкімшілігіне беріледі.

Лагерь басшысы немесе тәрбие жұмысы бойынша орынбасары өз лагерін жақсы білгендіктен бірнеше жылдарға жұмысты жоспарлай алады.

Осыдан біз келесі туристік топтар мен жасақтардың қызмет түрлерін ұсынамыз:

- қала сыртындағы лагердің аумағын сипаттау;

- картаны құрастыру (жорықтардың, серуендердің, экологиялық соқпақтардың, экскурсиялардың, жол бағдарлардың);

- табиғатты қорғау туралы іс шаралар өткізу (аңғар эрозиясы, бұлақтар, шағын өзендер);

- өнеркәсіптерді, ауылшаруашылық нысандарды, табиғатты, ескерткіштердің тарихын, жақын орналасқан елді мекендерді сипаттау.

Тек нысандардың тарихына ғана тоқталып қоймай және оның этнографиялық, экологиялық, кәсіби бейімділік аспектілеріне, әдебиетіне назар аудару қажет. Мұндай жұмыстың соңғы мақсаты стенд, экспозиция тіпті мұражай жасау болып табылады.

Лагер әкімшілігі туристік-өлкетану іс шараларды тек лагердің басқа іс шаралары қатарындағы дара іс шара ретінде ғана емес, сондай ақ туризм мен өлкетану ұстанымдарына сүйенген тәрбиелік жұмыстың негізі- көңілді және жұмбаққа толы саяхаттар мен табиғат аясындағы ойындар, туристік техниканың шеберлігін игеруге бағытталған жұмыс ретінде қарастыруы керек.

Бұл жағдайда жұмысқа кәсіби педагогтерді-биологтарды, географтарды, туристік ұйымдастырушыларды және т.б. тарту керек.

Ойын- сайыстар

Аса маңызды сайыстар мен жорықтарға балаларды дайындауда туристік дағдылардың қолданбалы ойын-сайыстары көмектеседі. Сырт көзге қарапайымдылығына қарамастан, ойын-сайыстар ұйымдастырушылардан спецификалық шарттар мен талаптардың қатаң сақталуы және дайындығын талап етеді. Сайыстар әрқайсы жеке кезеңдерден өткізілуі мүмкін. Мысалы, кім бірінші әрі жылдам шатырды құрады? Кім жылдам алауды жағады?

Бұл жерде әрбір түр жеке бағаланып, ал командалар әрбір элемент үшін марапаталады: үздік секіруші, үздік алау жағушы және т.б.

Ойын- сауықтырушы лагерлерге ұсынылған сайыстың ең қарапайым түрі. Ойындар туризмді белсенді насихаттайды және міндетті түрде қызықты әрі көрнекті болуы тиіс. Мұндай ойындарды ұйымдастырушыларға қойылатын басты талап-толық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әртүрлі жарақат алу мүмкіндігін шектеу қою керек.

Рюзакті жинау

Ойынның басында қатысушылар шөп үстіне немесе еденде бос рюзакты және керекті заттарды: қап төсек, туристік киім (шалбар, күрте, аяқ киім), жеке бас тұтынатын заттар, табақ, қасықтар, саптыаяқ, пышақ, қойын дәптер немесе жай дәптер.

Әрбір қатысушыға консервілік банкі және жармаға толы қап беріледі. «Марш» берілген бұйрық бойынша балалар заттарды рюзакка жинайды. Ойынның шарты: жылдам әрі дұрыс рюзакты реттеу, иыққа салатын бауларды тарту. Әрбір қатысушылардың ішінен рюзакты реттеп, дайын екендерін айтады. Ең бастысы жылдам жасау емес, сондай-ақ, рюзакты дұрыс реттеу болып табылады. Әрбір рюзактың жиналуын жетекші тексереді, жіберілген қателер үшін айыппұл төлейді. Мәселен, ойынға қатысушылар аяқ киім мен табақты немесе қап төсекті (көрпе) бірге қойса, онда айыппұл төленеді. Жас туристер кейде сабын, кружка және жеке бас тұтынатын заттардың тез алу үшін рюзактың бүйір қалтасында салынатын ұмытып кетуі де мүмкін. Ауыр заттар, егер олар бар болса, рюзактың түбінде, жеңілдері жоғары бетінде салынуы тиіс. Әрбір жіберілген қателіктерге айыппұл салынады.

Үздік алау жағушы

Ойыншылар алау жағу ептілігі бойынша жарысады. Қойылған міндеттері түсіндіріліп, берілген бұйрықтан кейін қатысушылар орманға барып алауды жағу үшін отын тереді. Олар отындарды дайындап, алауды жағады. Жанғыш заттарды яғни қағаз, жанғыш сұйықтар және т.б. қолдануға рұхсат етілмейді. Қайнататын судың көлемі белгіленеді. Қатысушыларға қазанды орнынан қозғауға рұхсат

етіледі, бірақ арнайы қолғаптары боуы тиіс. Бұл ойын қатысушылардың жеке арасында, 2-3 адамдардан құралған топтар арасында өткізіледі. Әрбір артық шырпы үшін бір минут айыппұл қосылады.

Үздік алау жағушы сайысында қайнатылған судың болмауы да мүмкін. Мұндай жағдайда екі қазықшаға метал сымы тартылып, отын-шыбықты салу деңгейі, 25-30 см жоғары бау немесе арқан жағылған алаумен жанып кетеді. Бірінші болып арқанды күйдірген команда жеңімпаз атанады. Әрине ұйымдастырушылар барлығына бірдей сым мен жіптің тартылуын қояды.

Кім жылдам шатыр тұрғызады

Бұл ойын жас туристерге шатырды дұрыс және жылдам құруға көмектеседі. Сайыс басталмай тұрып шатырлар мұқият тексеріледі. Олар міндетті түрде бірдей, біртекті болуы тиіс. Мысалы, екі шатырдың әртүрлі ұзындықта созылған болса, онда командалар тең емес шарттарға түседі.

Ілмек пен созылғыштың тіреуіштері орны ертерек бекітіледі. Команда шатырдың қалай құрылуы керек екенін білуі тиіс: оларды кім салады- ол немесе төреші; (ереже бойынша 10; бүйіріндегі созылғыштар созылмайды). Міндетті түрде коньки тәрізді қадағыш конькилік қазықшалар қайда қойылатыны көрсетіледі- шатырдың сыртында немесе ішінде.

Сайыста әртүрлі бейімділігі бар (ілмектер, амортиаторлар және т.б.), әртүрлі шатырлардың типтерін құруға рұқсат етілмейді. Төрешілер шатырларды құру орнында қазықтарды қай жерге қағуға болатынын тексеруі керек. Ойынға екі топта 4-5 адамнан жарысады. Ойын басталмас бұрын екі команда ойыншылары шатырдың ішінде орналасып, есік жапқыш жабылады. Ойын басталғанда балалар есік жапқышты ашып, шатырдан шығады. Шығар алдында металдан жасалған қазық және түйреуіштерді мұқият бір орынға қояды. Кейін төрешінің рұқсатымен тағы 10 қазыққа қояды. Шатырды құрып болғаннан кейін команда қайта шатырдың ішіне кіреді. Команда капитаны дайын болғандығын ескертеді. Шатыр 10 кішкентай қазықша немесе тіреуіштерде және ішінде қойылатын екі үлкен

қазықшалардан құрылады. Жетекші уақытты белгілеп, шатырдың дұрыс құрылғанын тексереді. Айыппұл салынады: жалпы қиғаштығы үшін- 5 ұпай, еңісінің қиғаштығы- 3 ұпай; жардың қиғаштығы- 2 ұпай; байланбаған арқан, дұрыс қағылмаған колышек үшін- 3 ұпай. Әрбір айыппұл ұпайы 15 секундке теңестіріледі.

Кейде төршілік етуде бір нұсқасы қарастылады яғни команда төрешілердің ескертулерін ескере отырып шатырды құрастырғанда. Бұл жағдайда тек айыппұлсыз уақыт есепке алынады.

Тар соқпақ

Бұл команда арасында өткізілетін сайыс. Далалық жерде, жүгіретін жолда немесе дене шынықтыру залында ұзындығы 30-50 м және ені- 25 см екі тар «соқпақ» шартты түрде белгіленеді. Соқпақтың шекарасы қазықтың арасында тартылған екі бау немесе арқанмен белгіленеді. Соқпақтар радиусы 1 м болатын дөңгелектер алаңдармен аяқталады.

Қатысушылардың саны әрбір командада тең және жұп болуы тиіс. Ойын басталған кезде әр команданың әрбір қатысушылары өз команда мүшелерінің ішінен біреуін арқалап жылдам уақытта аумақтың соңына дейін апарып тастап, орнына қайта оралуы тиіс. Содан кейін келесі жұп жүреді. Ойын шарты бойынша әрбір командалар арқанды үзіп кетпей жылдам қозғалуы тиіс. Әрбір жіберілген қателер үшін- айыппұл ұпай салынады. Жылдам әрі қателіктер жібермеген команда жеңімпаз саналады.

Өткел

Ең маңыздысы болашақ туристерде тепе –теңдік сезімін жатықтыру мен дамыту болып табылады. Тепе-теңдікке қатысты бірнеше ойын-жаттығуларды ұсынамыз.

Тепе-теңдікке арналған бұл ойынға бөрене немесе жүріп өтуге ыңғайлы ағаш дінгегі қолданылады. Ең дұрысы, екі бірдей бөренені қолданған дұрыс, сол кезде ойын командалар арасында сайыс ретінде өтеді. Әйтпесе, балалар жеке басының

жеңісі үшін таласады. Бұл ойында тепе-теңдікке қатысты қандай мүмкіндіктер болуы мүмкін?

Ең алдымен, бұл команданың әр жеке қатысушылары бөрене арқылы өткелден өтуі. Өткелден өту кезіндегі олқылықтар үшін айыппұл есептеледі. Өткелден өту кезінде сақтандыру шаралары қарастыру керек. Бұл жағдайда барлық команда «марш» деген белгі берілгенде бөренеге жақындайды және капитан арқан арқылы бірінші болып мінеді. Қанат сияқты арқан тартылады. Тәжірибе көрсеткендей бөренеден құлау жағдайларының көбісі сүйеніш ретінде қолданылатын арқанды қатысушылардың өздері тартқанда болады. Сақтандыру шараларын дұрыс білмегендіктен команда арқанды бөренені қапталынан емес, астынан тартады және қатысушылар бөрененің шетімен арқанды кеуде тұсында ұстап қозғалады. Бұл жағдай соңында өзін өзі сақтандыру мақсатында жолдастарының қозғалуына кедергі жасайды. Соңында балалардың ішінде ең алғыры арқанды орайды. Нәтижесін шығаруда сақтандыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуы есептеледі. Өткелден өту кезінде бөренеден құлағаны үшін айыппұл төленеді.

Төмпешік бойынша жүгіру

Ойын командалар арасында өткізіледі. Берілген бұйрық бойынша балалар арқандардан жасалған немесе жерге жай сызылған шеңбермен белгіленген «төмпешіктер» бойынша жүгіреді. «Төмпешік» фанерадан, шымнан (жердің беткі қабаты), тақтайдан жасауға болады. Қатысушы барлық төмпешіктерден өтуі тиіс және оның қозғалысы түзу (кездейсоқ бұрылыстар, аялдамалар, қарғулар) болмауы керек. Сөре мен мәре аралығында әрбір команда үшін радиусы 15-20 см болатын «төмпешік» болуы тиіс, «төмпешіктер» бір бірінен 80-100 см қашықтықта орналасады. Егер «төмпешік» шекарасын басып кеткен жағдайда айыппұл салынады. Бұл жағдайда ойыншы сөреге қайтып келіп және жүгіруді қайта бастайды. Ал басталу уақыты ең басындағы белгіленген уақыт бойынша қала береді. Жүгіруді бірінші болып аяқтаған команда мүшелері жеңімпаз атанады.

Құлама жарлар бойынша

Бұл ойынды өзендердің, көлдердің жағасында жүргізуге болады. Ойынның мақсаты- құлама жарлар бойынша жылдам әрі еппен көтерілуді үйрету. Екі команда ойнайды.

Алдын ала әрбір командалар үшін екі шелекті немесе екі қазанды және бірнеше бірдей кружкаларды қатысушылардың санына байланысты дайындау керек. Жотаның бөктері және құламаларында, өзендер мен көлдердің жағалаулауына екі бос шелек қойылады. Бұйрық берілгенде ойыншылар төмен түсіп, кружкамен суды шелекке құю үшін жоғары көтеріледі. Команданың міндеті- белгілі бір деңгейге дейін шелекті суға толтыру керек. Кружкаларды тізбекше беруге рұқсат етілмейді.

Ауадағы өткел

Өзен, тік жартас, тегіс алаңда екі қатар бір-бірінің астынан арқандар тартылады. Жоғарғы арқанды қолымен ұстай отырып, төменгі арқан үсті бойынша жүреді. Өтілетін жердің ұзындығы- 15-20 м, сондай- ақ төменгі арқан жоғары биіктікте тартылады. Ал жоғарғы арқан төменгі арқан деңгейімен бірдей шамамен 1,5 м биіктікте тартылады. Егер арқан тығыз тартылса, онда қатысушылар бұл кезнді еркін өтеді: біреулері жылдам немесе ақырын. Бірақ, арқанды сәл босатып, өткел «сұйық» болған жағдайда бәрі қиындайды. Төреші өткелде бір уақытта бір адамның жүруін қадағалауы тиіс. Барлық қатысушыларға арқаннан секіруге болмайтынын және секірудің алдында отыруы тиіс екенін ескертілуі тиіс. Арқанда аяқ киімсіз жалаңаяқ жүруге болмайды, өкшелі аяқ киіммен өткелді өту қиындық туғызбайды. Егер өткел аса биіктікте немесе өзеннің үстінде орналасқан болса әрбір қатысушы міндетті түрде жеке сақтандыру шараларымен (кеуде тұсын карабин арқылы орап байлау)өткізіледі. Бұл кезеңді ұйымдастыру кезінде ағашқа арқандарды бекіту кезіндегі байланған түйін ерекше назарға алынуы тиіс. Үйрету, жаттықтыру. Өртүрлі тартылған арқандар бойынша қозғалыс.

Арқан бойымен қадаммен қозғалу немесе тігінен қозғалу. Өкшелі емес аяқ киім және өкшелі аяқ киіммен қозғалыс.

Арқанмен өрмелеп міну және түсу. Арқанды сәл ғана қандай да бір жаққа кішкене көлбеу тартуға болады, алайда қиындық деңгейі кенеттен ұлғаяды, әсіресе, төменге қарай қозғалғанда.

Сырықпен секіру

Сайыстың шарты бойынша қатысушылар сырыққа сүйене отырып ор, арық, шұңқар немесе белгілі бір шартты түрде белгіленген жерге секіріп өтуі керек. Ертерек төрешілер дайындаған сырықтар секіру кезінде жарақат алмайтындай ыңғайлы болуы тиіс. Бірнеше артық сырықтардың болуы тиіс. Бұл кезеңді жолдың бірінші жартысында өткізген дұрыс: сонда ең мықты команданың алдыңғы орындарға мүмкіншілігі жеткілікті болады. Сырықпен секіру- ең қиын кезең. Қатысушылар одан өткенін білуі тиіс. Сырықпен секіруде 3 мүмкіндік беріледі. Айыппұл берілмейді. Сырықпен секіруді қолайсыз және тасты топырақты жерде өткізуге болмайды.

Сырықпен секірудің ара қашықтығы төрешілер алқасымен белгіленеді. Әдетте сырықтар жолдың жанында жатады. Бірақ, командаларға сырықты сөренің басында алуға және басқа кезеңдерде (жолдасын отырғызуға көмектесу, онымен бірге секіруге және т.б.) қолдануға рұхсат беріледі.

Берілген кезеңде командалар тек өзінің сырығын қолданады. Сырықпен секіргеннен кейін келесі жолдасына береді. Бұл ойында қатысушылар бір біріне кедергі жасамауы үшін берілген аумақ кең болуы тиіс.

ЖАС ӨЛКЕТАНУШЫ-ТУРИСТЕРДІҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жорықтар мен саяхат кезінде өз өлкеңді зертте.
2. Табиғат пен қоғам заңдарын есте сақта.
3. Жергілікті жердің тұрғындарын және олардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметте.
4. Табиғатты сақтап қорға.
5. Жолда қауіпсіздік ережелерін қатаң түрде сақта.
6. Есінде сақта: жорықта турист өз денсаулығының жағдайын жасырмауы тиіс.
7. Салауатты өмір салтына ұмтыл. Өзіңді адамгершілік және физикалық жағынан шынықтыру.
8. Достаса біл, өз ұжымыңды және жолдастарының достығын қадірлей біл.
9. Үлкендерді, қыз балаларды сыйла.
10. Жорықта «жасамаймын», «қаламаймын», «жасай алмаймын» деген сөздер болмауы тиіс.
11. Тәртіпті және жауапты бол
12. Жетекшінің және командирдің айтқан сөзі заң.
13. Жорықтағы міндеттерді және кезекшілікті адал ниетпен орында.

ЖОРЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЕРЕЖЕ

1. Жеке және қоғамдық құрал-жабдықтарға ұқыпты қара.
2. Өзіңмен бірге жорыққа керек емес заттарды алма
3. Жорықта тазалық пен тыныштықтың заңдарын сақта.
4. Табиғатқа, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қара.
5. Отын теруге барғанда балтасыз барағаның жөн.
6. Топтың үздік көрсеткіші- бұл жақсы жиналған бивак.
7. Жақсы ұйықтап дем алу- сергек әрі қауіпсіз жолды жүріп өту.
8. Жорықта әр қайсысының міндеттері бар
9. Жорықта жетеуі біреуді күтпейді
10. Адамдардың өзіне қалай қарым-қатынаста болғанын каласаң, сенде солай қарым-қатынаста бол
11. Қиындықтарға тез мойын ұсынба. Қиындықтар жеңе білуге арналған. Жас туристердің ұраны « Шағымданба!»
12. Әрқашан достарыңа көмектес.
13. Бірі барлығы үшін, барлығы бірі үшін.
14. «Өзің үйренсең- өзгеге де үйрет».

Білім алушыларға арналған викторина. Туристерге арналған көңілді сұрақтар

Бұл қызықты туристік викторинаны білім алушылармен бірге өткізуге және оны туристік слеттің сценарийін жасағанда қолдануға болады.

Сіздер сенесіздер ме?

Білесіздер ме....

- Әлемнің жан-жақты бағыттарын анықтайтын құрал спидометр (жоқ, тұсбағдар)
- Қайыңның қабығы әрқашан оңтүстік жағынан қарағанда ақ әрі таза, ал ағаштың кедерлігі және безі, сызаттығы әрқашан солтүстік жағында орналасқан? (Иә).
- Саңырауқұлақтар негізінен ағаштардың, бұталардың солтүстік жағында өседі. (Иә)
- Егер бетпе- бет солтүстік жаққа тұсаң, онда арқа тұсың қараған жақ батыс, оң жақ- оңтүстік, ал сол жақ- шығыс? (Жоқ, арқа тұсы- шығыс, сол жақ- батыс)
- Аралар күннің бағыты бойынша тұспалдай алады. (Иә)
- Бірнеше шаршы шақырым қашықтықта үй жануарлары тұсбағдарсыз үйді тауып келе алады. (Иә)
- Егер көбелектің қанатының көлеңкесі таңертең және кешке шығысқа қарай бағытталса, түстен кейін – солтүстіктен оңтүстікке қарай? (Иә)
- Қағаз парағында жергілікті жердің белгілі бір шартты белгілерімен салынған болса ол сурет деп аталады? (Жоқ, карта)
- Далалық жерде саршұнақтың іні арқылы бағытты дұрыс анықтауға болады? Кеміргіштер өздерінің індерін оңтүстік жақта жасайды. (Иә)
- Орманда бұғы мүйізін ағаштың солтүстік жағына егейді. (Жоқ)
- Оңтүстік аймақтарда жапырақтары батыс жаққа және жалпақтағы шығысқа қарай орналасқан «тұсбағдарлық» атты латук өсімдігі өседі. (Иә)

- Ашық орманды алқаптатағы жемістер солтүстіктен ерте пісіп жетіледі. (Жоқ, оңтүстік жағындағы)
- Гулденген күнбағыстың басы күнге қарай қозағалады? (Иә)
- Көп жағдайда құмырсқаның илеуі ағаштар, бұталардың оңтүстік жағында орналасқан. (Иә)
- Түстен кейінгі уақытта қасқырлар солтүстік жаққа қарап ұлиды? (Жоқ)
- Қарағай діңгегінің оңтүстік жағынан қарамай, ал солтүстік жақ діңгегінде қара түсті сызықтар болады? (Иә)
- Қыналар тастың, ағаш діңгегінің оңтүстік жағына көп шоғырланады? (Жоқ, солтүстік жағынан)

Жаңбырдан кейін бірінші оңтүстік жақтағы нәрселер тез кебеді? (Иә)

Введение

Одним из основных направлений современного образования является приоритет человеческих ценностей, жизни и здоровья ребенка, физического и свободного развития его личности, воспитание духовно обогащенного, творчески мыслящего поколения.

Проблема воспитания всесторонне развитой, творчески мыслящей, здоровой личности – одна из актуальных проблем современного общества, и на сегодняшний день она занимает одно из ведущих мест бесчисленных проблем мирового сообщества. Туристско-краеведческая деятельность (ТКД) – это особо организованная, педагогически целесообразная, развивающая ребенка, социальная среда (детей и взрослых) – фактор передачи опыта поколений, сохранения культурно-исторической преемственности; это "среда", позволяющая предупреждать асоциальные, безнравственные поступки; это средство снижения криминогенной обстановки в обществе, снятия с детей нагрузок от современных средств информации.

Воспитание молодого поколения в духе патриотизма – это первоочередная задача современного дополнительного образования. Современный ребенок стремится к тому, что он получает с экранов телевизоров. Он не видит и не замечает мира, существующего за границами его «виртуального бытия». Отсюда идет и массовое ухудшение здоровья детей – слабая физическая активность, интенсивные информационные нагрузки, и как итог, психические расстройства, доводящие многих до девиантного поведения. Активизировать познавательную деятельность детей, оздоровить молодое поколение как морально, так и физически – вот еще одна важнейшая задача современного образования. ТКД позволяет реализовать все эти задачи в полном объеме через путешествия, знакомящие детей с культурой, историей, природой родной страны. Это почти идеальная кузница характера, где необычайно ярко проявляются истинные ценности – воля, взаимопомощь, терпение, сноровка, умение ладить с людьми.

Понятие о краеведении и туризме

Под краеведением понимается «всестороннее познание своего края (области, района, города, села, микрорайона), изучение и учет его природных, экономических и культурных ресурсов, географических, этнографических и демографических особенностей, его истории, общественной жизни и перспектив развития». Такое определение краеведения не противоречит определениям, данным в литературе педагогами, историками, географами. Однако в понятие «краеведение» вкладывалось разное содержание. В 20-е годы краеведение рассматривалось как метод статистического изучения небольшой территории, выделенной по административным, политическим или хозяйственным функциям.

В 30-е годы краеведение определялось как общественное движение, объединяющее местное трудовое население, активно участвующее в социалистическом строительстве своего края на основе его всестороннего изучения.

Высказывались мнения о краеведении как об особой науке. Однако при множестве объектов изучения (природа, история, население, хозяйство, культура, литература и др.) краеведение нельзя считать наукой. Географ, профессор, доктор географических наук, академик Академии педагогических наук и заслуженный деятель науки РСФСР (Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика) А.С. Барков отмечал, что краеведение есть комплекс научных дисциплин, различных по содержанию и частным методам исследования, но ведущих в своей совокупности к научному и всестороннему познанию своего края. В связи с этим краеведение не имеет своего специфического метода исследования. А.С. Барков считал, что объект и методы изучения географии и краеведения совпадают. Краеведение можно рассматривать как «малую географию». [7]

Известный географ и зоолог Л.С. Берг считал краеведение географией родного края. Предметом изучения краеведения является территория, местность, а объектами географического краеведения – природа, население, хозяйство, история,

археология края. В содержание термина «краеведение» входит территория, определяемая понятием «свой край». Свой край может быть ограничен селом, городом, сельским советом, районом города, областью. Чаще всего краеведы изучают территорию, на которой они проживают (город, село, сельский совет) и которая доступна для непосредственных наблюдений. В этом случае, как отмечал краевед К.Ф. Строев, употребляется понятие «своя местность». [20]

Картограф Г.Ю. Грюнберг в понятие «своя местность» включает территорию в радиусе 7–8 км от места жительства. Однако в отдельных случаях изучение природы, населения, хозяйства, истории, археологии края может выходить за пределы административных единиц (области) и совпадать с единицами физико-географического районирования (физико-географический район, провинция).

Общее краеведение охватывает самый широкий круг вопросов, касающихся истории, этнографии, культуры, археологии, природы, населения, промышленности, сельского хозяйства, транспорта и др.

В зависимости от объектов исследования в нем выделяют историческое, литературное, этнографическое, биологическое, географическое, экологическое и другие направления.

Географическое краеведение предусматривает изучение природы, населения, хозяйства края в их тесной взаимосвязи. Этому направлению больше, чем любому другому, свойствен комплексный подход, что обязывает географов играть ведущую роль в изучении края.

